



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ ТИМУР СҮЛЕЙМЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке экономика мен қаржы жүйесінің жай-күйі және биылғы қаңтар-қараша айларында жүргізілген ақшанесие саясатының негізгі бағыттары жөнінде есеп беріліп, 2026 жылға арналған жоспар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа іскерлік белсенділік, инфляцияға ықпал ететін факторлар және бағаны тұрақтандыру үшін қабылданған шаралар туралы айтылды. Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономиканы тұрақтандыру және халықтың әлауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті.

Мемлекет басшысына қаржы, валюта және мемлекеттік бағалы қағаздар нарықтарындағы жағдай, Ұлттық қор мен Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры активтерінің, алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы мәлімет берілді.

Жыл басынан бері Ұлттық қордың валюталық активтері 4,8 миллиард долларға өсті. 11 айдағы инвестициялық табыс шамамен 8,2



миллиард долларды немесе 13,7 пайызды құрады. Есепті кезеңде алтын-валюта резервтері 16,3 миллиард долларға немесе 36 пайызға ұлғайып, 62,1 миллиард долларға жетті. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің көлемі биыл қаңтар-қараша айларында 2,6 триллион теңгеге немесе 11,7 пайызға артып, 25 триллион теңге болды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаппай цифрландыру барысы және Ұлттық банктің цифрлық жобалары жөнінде баяндалды. Соның ішінде Антифрод орталықтың жұмысына, ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымдарын технологиялық тұрғыдан жүзеге асыруға мән берілді.

Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банк баға тұрақтылығын

сақтап, инфляцияны орташа 5 пайыздық межеде ұстап тұру үшін барлық қажетті шараны қабылдауда.

Кездесу соңында Президент инфляцияны төмендетуге, қаржы нарығы мен цифрлық трансформация секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге баса назар аударып, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар тапсырма берді.

• **Президент тапсырмаларын жүзеге асыру**

## Үкіметте көлік-транзит саласын дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар қаралды



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көлік-транзит саласын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Онда көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, қаржы министрі Мәди Такиев, жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов және «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев баяндама жасады.

Көлік министрлігінің мәліметінше, биыл 13 мың шақырым жол салынып, жөнделген. Автотасымалдаушылар 288 млн тонна жүк жеткізді (+1,7%), жолаушылар ағыны 1,5 млрд адамға жетті (+12,2%). Көліктік бақылауды автоматтандыру және электронды ілеспе құжаттарды енгізу жалғасуда. Авиацияда 139,6 мың тонна жүк өңделіп, 13,1 млн жолаушы тасымалданды. Темір жол тасымалы 380,3 млн тоннаны (+7,9 %) құрап, 16,4 млн жолаушы тасымалданды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Мәселен, Транскаспий халықаралық көлік бағытының (ТХКБ) өткізу қабілеті ұлғайтылды, шетелдік серіктестермен тарифтік саясат үндесімді түрде жүргізіліп, жүктерді жеткізу мерзімдері қысқартылды. Авто-

жол инфрақұрылымын транзиттік және халықаралық дәліздерге басымдық бере отырып жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде контейнерлік тасымал көлемі өсті. Қазақстан-Қытай шекарасында пилотсыз тасымал мен бірыңғай электрондық декларацияны қамтитын «Ақылды кеден» жобасы жүзеге асырылып жатыр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қабылданған шаралар нәтижесінде биылғы 10 айда Қазақстан арқылы транзиттік тасымал көлемі 29 млн тоннадан асып, нақты өсім көрсетті.

Бұл ретте Премьер-министр транзиттік жүк тасымалы үшін бәсеке күшейіп бара жатқанын, әсіресе, халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі процестерді жылдам цифрландыру арқылы көлік логистикалық жүйенің қолда бар әлеуетін белсенді түрде кеңейту қажет екенін атап өтті.

Президент Жолдауын жүзеге асыруда басым бағыттардың бірі жүк қозғалысына онлайн-мониторинг жүргізу, мемлекеттік және жеке цифрлық платформаларды интеграциялау үшін толықтай цифрлық шешімдерді, оның ішінде Smart Cargo экожүйесін енгізу болды. Алайда, бүгінде сервистердің барлығы бірдей қосылып, жұмыс істеп тұрған жоқ. Премьер-министр Көлік министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын аяқтауды тапсырды.

(Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жуырда өткен кеңесте Мемлекет басшысы атап көрсеткен көлік-тасымал саласын дамыту үшін авиахабтарды дамытудағы басымдық баса айтылды. Осыған байланысты Үкімет ұшу географиясын кеңейту, жаңа шетелдік авиатасымалдаушыларды тарту, еліміздің әуежайлары арқылы жүк және жолаушылар ағынын арттыру бағытында жұмыс жүргізуде.

Әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, арнайы техниканы жаңарту және жолаушылар мен әуе компанияларына қызмет көрсету сервистерін цифрландыру жүзеге асырылуда. Мұның бәрі қазақстандық әуежайларды бәсекеге қабілетті өңірлік хабтарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Олжас Бектенов көліктік деректер қорының ақпараттық-талдау жүйесін дамыту қажеттігін атап өтті. Қазірдің өзінде деректердің бірыңғай массиві жасалып, жүк қозғалысын бақылау модульдері іске қосылды, бірақ жүйенің қазіргі монолитті архитектурасы оны интеграциялау мен инновациялық шешімдерді енгізу кезінде қиындықтар туғызуда. Көлік министрлігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, аталған жүйені

## Үкіметте көлік-транзит саласын дамыту бойынша қабылданған жатқан шаралар қаралды

ашық интерфейстері бар модульдік және масштабталатын архитектураға көшіру, көлік ағындарын болжау мен басқару үшін жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу тапсырылды.

Сонымен қатар Премьер-министр көлік-транзит саласы бойынша бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, автожол инфрақұрылымы сапасын жақсарту аясында жобаларды жүзеге асырудың цифрлық мониторингін қамтамасыз ету керек, өңір әкімдіктері 2026 жылғы 1 шілдеге дейін жергілікті жолдарды толық паспорттауды аяқтап, автоматтандырылған өлшеу стансаларын орнатуды жеделдетуі қажет. Іске қосылатын «Е жолдар» жүйесі жолдардың жағдайын есепке алу, ақауларды тіркеу және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылау құралы болуы тиіс.

Әуе жүктерін тасымалдауда электронды құжат айналымына көшуді жеделдету үшін Көлік министрлігіне Қаржы және

Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, 2026 жылдың 1 наурызына дейін «e-Freight» ақпараттық жүйесімен кешенді интеграцияны аяқтау, кедендік, ветеринариялық және фитосанитариялық құжаттар бойынша деректер алмасуды автоматтандыру тапсырылды.

Темір жол саласында Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту бойынша қосымша шаралар әзірленеді.

Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту жөнінде шаралар әзірленеді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, желтоқсан айында мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жаңғырту

жұмыстары аяқталады. Жақын арада 5 өткізу пункті іске қосылады. Осылайша, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы контурындағы барлық өткізу пункттері халықаралық стандарттарға сай болып, жүктердің жылдам өтуін қамтамасыз етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Олжас Бектенов Көлік министрлігіне «ҚазАвтоЖол» компаниясымен бірге жұмыс қарқынын жеделдетіп, өткізу пункттерінің құрылысын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Аталған мәселе Премьер-министрдің тікелей бақылауында.

Сондай-ақ ведомство мен компаниялар әкімдіктермен бірлесіп, жеке инвестицияларды белсенді түрде тарта отырып, халық пен тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасауы қажет.

Жұмысты жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

## Полицияны цифрландыру және енгізіліп жатқан технологиялардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділігін бағалау мәселесі талқыланды

**ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сарсенов Жетісу облысының полиция департаментіне барды. Сапардың негізгі мақсаты – өңірлік полицияны цифрландыру барысын тексеру және енгізіліп жатқан технологиялардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділігін бағалау.**

Соңғы жылдары департамент құқық бұзушылықтардың алдын алу және жедел-қызметтік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи цифрлық шешімдерді жүйелі түрде енгізіп келеді. Тек осы жылдың өзінде негізгі жобаларды жаңғырту бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылды: ақпараттық-коммуникациялық жүйелер, бейнеаналитика құралдары, мобильді кешендер және смарт-технологиялар енгізілді.

Ауқымды бағыттардың бірі – “Кілеммен жабу” жобасын дамыту. Оның аясында бейнекамералардан түсетін деректерді Жедел басқару орталығына (ЖБО) және кезекші бөлімдерге жүйелі түрде шығару қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда облыс аумағында 43 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған, оның 20 мыңнан астамы ЖБО-ға қосылған. Облыстағы мектептердің басым бөлігі қазіргі қауіпсіздік талаптарына сай – бейнекамералар және “SOS” дабыл түймелерімен жабдықталған.

Полицияның барлық қызметтік кабинеті 100% бейнебақылаумен қамтылған және ИМ-нің бірыңғай “ЕГСВ-2” платформасына қосылған, бұл қызметтік әрекеттердің ашықтығын және



бақылауды арттырады.

Сонымен қатар департамент 150 электрондық білезікпен толық қамтамасыз етілген және олар қазіргі уақытта қолданыста. Сервис моделі аясында облыстағы барлық сыртқы қызмет жаңа буындағы смарт-видеожетондармен жабдықталды. Бұл қызметтік іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі тіркеуге мүмкіндік беріп, азаматтардың сенімін айтарлықтай арттырады.

Қоғамдық орындарға кез келген оқиғаға жедел ден қоюға мүмкіндік беретін 25 “SOS” түймесі орнатылған. Азаматтарға ыңғайлы қызмет көрсету үшін өтініштерді қабылдаудың омниканалды жүйесі дамуда. Талдықорғанда “102” қосымшасы операторлары үшін 3 жұмыс орны құрылған, тағы 9 нүкте аудандық бөлімшелерде жұмыс істейді. Өңірде цифрлық радиобайланыс жүйелері де қарқынды дамуда – қазіргі уақытта Tetra және DMR жүйесінің 7 станциясы орнатылған. “102” желісі бойынша хабарламаларды автоматты тіркеуді қамтамасыз ететін ОЦУ 2.0 бағдарламалық қамтамасыз етуі аудандық деңгейге дейін енгізілген және тәулік бойы жұмыс істейді.

Жол қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуда: өңірде ПДД

бұзушылықтарын тіркейтін Екіпатроль G2 мобильді кешендері қолданылады. Сондай-ақ департамент қоғамдық тәртіпті бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қолжетімсіз және ауылдық аймақтарды мониторингілеу үшін пайдаланылатын 43 ұшқышсыз ұшу аппаратымен жабдықталған.

Сапар қорытындысында министрдің орынбасары цифрлық технологиялардың негізгі бағыттарының жұмысын жеке тексеріп, жаңа жедел басқару орталықтарының функционалымен танысты, сондай-ақ өңірдегі апатты-қауіпті аумақтар мен жуырда ашылған аудандық ЖБО-ларды аралап көрді.

Ішкі істер министрінің орынбасарының бұл жұмыс сапары Жетісу облысы полициясының цифрлық трансформация үдерісіне баға берудегі маңызды кезең болды. Бүгінде өңір құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде қауіпсіз, технологиялық және ашық жүйе құруға нық қадам басып келеді.

**ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми интернет ресурсы.**

## 2025 ЖЫЛЫ 125 МЫҢ БАЛА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУМЕН ҚАМТЫЛДЫ



2025 жылы Қазақстан балаларға медициналық оңалтудың қолжетімділігін едәуір кеңейтті. «Қамқорлық» жобасы шеңберінде Атырау, Қызылорда, Алматы, Маңғыстау, Жетісу және Ақмола облыстарында 6 жаңа ауданаралық оңалту орталығы ашылды.

Ағымдағы жылы барлығы 125 мың бала оңалту көмегін алды.

Сонымен қатар, балалар денсаулығы саласындағы мамандандырылған бағдарламаларды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Елімізде «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасының тұжырымдамасы және 2026-2030 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары әзірленді.

Құжат әр баланың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз етуге бағытталған барлық қолданыстағы және жоспарланған шараларды біріктіреді. Бұл Қазақстандағы мемлекеттің, ата-аналардың, педагогтардың, дәрігерлердің, әлеуметтік қызметтер мен ҰЕҰ-ның күш-жігерін біріктіретін алғашқы кешенді бағдарлама.

«Сырлы дыбыс» - есту қабілеті бұзылған балаларды қолдау жобасы. Ағымдағы жылы заң қабылданды, соған сәйкес 2026 жылдан бастап I-III дәрежелі есту қабілеті бұзылған балалар жергілікті бюджеттердің есебінен сүйек өткізгіштік операцияларынан кейін есту аппаратымен және аудиопроцессорлармен қамтамасыз етілетін болады.

«Ажарлы келбет» - балаларға реконструктивтік көмек жобасы. МӘМС жүйесінде бет пен бастың туа біткен анатомиялық кемістіктері бар балаларға реконструктивтік және пластикалық операциялар енгізілді.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет ресурсы.**



## Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау тетіктері күшейтілді

Елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң негізінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістер қабылданды.

Бұған дейін 2024 жылы балалардың құқықтарын қорғау саласында алты маңызды заң қабылданып, балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге, балалар саудасының алдын алуға бағытталған құқықтық тетіктерді заңнамалық деңгейде бекітті. Жаңа заңның қабылдануы балаларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету

шараларының жүйелі жалғасы болды.

Енді жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды асырап алу немесе қамқоршылыққа беру кезінде олардың туған-туыстарына басымдық беріледі. Егер жақын туыстары табылмаса, бала заңды некеде тұрған отбасына орналастырылады. Сонымен бірге бала асыраушы отбасында болған кезеңде оның заңды өкілінің сотқа тартылуы немесе психоневрологиялық немесе наркологиялық диспансерде есепке алынуы қамқоршылық міндетінен дереу шеттетуге негіз болады. Бұл норма баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар үстінен қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан азаматтарға

бала асырап алуға, қамқоршылық жасауға немесе патронаттық тәрбиеге қатысуға тыйым салынады.

Бұдан бөлек, қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер және асырап алушылар енді жыл сайын денсаулығы, табыс көзі, тұрмыстық жағдайы және соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді тапсырып, өздерінің сенімділігін растауы тиіс.

Жаңа нормалар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау жүйесін күшейтіп, оларды отбасында тәрбиелеу жағдайларын тұрақты бақылаудың тиімділігін арттыруға, ықтимал қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет ресурсы.**

## «БЖЗҚ» АҚ-НЫҢ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САНЫ АРТУДА

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) салымшыларға зейнетақы капиталын қалыптастыру қызметтерінің кең спектрін ұсына отырып, олардың тізбесін үнемі жаңартып, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында белсене жұмыс істеуде. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі — салымшылардың өз жинақтарына деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты.

01.01.2025ж. мен 31.10.2025ж. аралығында халыққа шамамен 36,7 млн қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 22,2 млн-ы электрондық форматта, 13,3 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 97,8%-ын құрады. Салымшыларға 795,1 мың қызмет жүзбе-жүз көрсетілді, оның ішінде 775,5 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, "Ұлттық қор — балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын ("Ұлттық қор — балаларға" бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 1,4 млн жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ)

үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 24,2 млн үзінді көшірме берілді. Оның 20,4 млн-ы — электрондық, ал 3,3 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу — зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты "БЖЗҚ" АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға

(ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді. Мәселен, жыл басынан бері салымшылардан жинағының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға аудару туралы 67,1 мың өтініш қабылданып, оның 64,4 мыңы электрондық нұсқада іске асырылған.

2025 жылдың басынан бастап 10 ай ішінде деректемелерді өзгертуге 114,0 мың өтініш қабылданды. Оның 107,0 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 43,6 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 892,3 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 35,5 мың материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс (Call-орталық, веб-сайт арқылы кеңес, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа байланыс түрлері) арналары бойынша түскен өтініштерінің саны — 434,0 мың.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), eprf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

## Борьба за здоровье дикоплодовых экосистем

Жонгар-Алатауский национальный парк — одна из уникальных природных территорий Казахстана. Здесь растут редкие виды деревьев, обитают исчезающие животные, а главное — произрастает дикая яблоня Сиверса — живой предок всех современных сортов яблонь.

Но сохранить эту природную сокровищницу — задача не из простых. Болезни деревьев, вредители и даже инвазивные растения угрожают экосистемам.

В 2025 году сотрудники парка обследовали более 20 тысяч гектаров лесных и дикоплодовых участков. На основе этих данных можно сделать тревожные, но не безнадёжные выводы: болезни и вредители присутствуют, но ситуация контролируемая.

Больше всего беспокоит парша яблони — грибковое заболевание, поразившее более 11 тысяч гектаров. Эта болезнь особенно опасна для дикой яблони Сиверса, так как она не всегда обладает иммунитетом, присущим культурным сортам.

Парша поражает листья и завязи плодов, ухудшает общее состояние деревьев и может снизить способность яблони к естественному восстановлению.

Еще одной проблемой является массовое заражение дикоплодовых насаждений хмелем обыкновенным. Это вызревшее растение оплетает деревья, создаёт тень, нарушает фотосинтез, сдавливает ветви. Особенно страдает яблоня Сиверса: молодые побеги отмирают, плодоношение снижается, возобновление не происходит.

Хмель здесь — как незваный гость, который активно занимает ослабленные участки и мешает восстановлению леса.

Мониторинг выявил вспышки вредителей на разных участках:

Черёмуховая моль — охватила 60 гектаров. Её гусеницы объедают листья и побеги, оставляя за собой паутину. Повторные заражения могут привести к гибели деревьев.

Яблонная моль — замечена на 2 гектарах, но очаг постепенно затухает.

Дубовый минирующий пилильщик — зафиксирован на 2 гектарах, специалисты наблюдают за его динамикой.

Осиновый листоед — питается листьями осины, способен полностью их скелетировать. Это ослабляет деревья и делает их уязвимыми к другим угрозам. Акациевая ложнощитовка — вредитель плодовых деревьев, питается соками ветвей, ослабляя растения. Чтобы остановить распространение заболеваний и вредителей, специалисты парка применили экологически безопасные методы:

Биологическая обработка садов — дважды, с эффективностью до 87%. Это помогает бороться с грибковыми инфекциями без вреда для окружающей среды. Санитарная рубка заражённой осины — на площади 5,6 га. На месте срубленных деревьев активно возрождаются новые здоровые побеги.

Постоянный мониторинг очагов вредителей. Оценка влияния хмеля — как отдельное направление работы.

Здоровье лесов — это не только зелёный пейзаж и тень в жаркий день. Это: чистый воздух, защита почв, природное наследие, и, самое главное — будущее наших детей.

Если не бороться с вредителями и болезнями сегодня, завтра может быть уже поздно: исчезнут ценные виды, нарушится экологическое равновесие, ухудшится климатическая устойчивость региона.

На сегодняшний день санитарное состояние лесов оценивается как удовлетворительное. Принятые меры дали эффект, очаги вредителей локализованы, угрозы массового распространения устранены.

Однако расслабляться рано. Природа требует постоянного ухода, особенно в эпоху климатических изменений и роста антропогенной нагрузки.

Бережь лес — значит бережь жизнь. Если вы заметили странные пятна на листьях или скопления паутины на деревьях — это может быть сигнал! Сообщайте об этом местным лесничествам или специалистам ООПТ. Природа нуждается в наших наблюдательных глазах.

**Ю. СТЕПАНОВА,**  
младший научный сотрудник  
РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП».



## Тәуелсіздік тарихы

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Қазақ халқының мәртебесі қайта көтерілген, ғасырлар бойы арман болған азаттыққа жол жеткізген күн. Бұл – ұлттың тағдыры өзгерген тарихи белес, рухымызды жаңғыртқан қасиетті мереке.

XX ғасырдың соңында Кеңес Одағы әлсіреп, көптеген халық өз тәуелсіздігін алуға ұмтылды. Дәл осы кезде қазақ халқы да еркіндікке деген талпынысын айқын көрсетті. 1986 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласының алаңына шыққан қазақ жастары әділетсіздікке қарсы бас көтерді. Бұл – ұлттың намыстың, батылдықтың тәуелсіздікке деген ұмтылыстың жарқын көрінісі болды.

Одан кейін 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін ресми түрде жариялады. Осы күн қазақ ел үшін жаңа тарихтың бастауы болды.

Тәуелсіздік – жай сөз емес, әр азаматтың жүрегінде сақталатын ең қымбат байлық. Азаттық бізге өз жеріміздің иесі болу, ана тілімізді дамыту, дінімізді еркін ұстану, өз дәстүрімізді жаңғырту, мемлекетімізді өзіміз басқару мүмкіндігін берді.

Бұл жолда көптеген батырларымыз, қайраткерлеріміз күресті, жанын берді, жасын төкті. Сондықтан Тәуелсіздік – үлкен жауапкершілік.

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз бірегей жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстан халықаралық аренада өз орнын алған, экономикасы дамып келе жатқан, мәдениеті мен руханиятын жаңғыртып жатқан мемлекетке айналды.

Ел дамуы – әрбір азаматтың еңбегімен, бірлігімен, намысымен байланысты.

Бұл күн – тарихқа тағзым етіп, болашаққа сеніммен қарау күн. Жастар үшін бұл – елін сүйу, тілін құрметтеу, рухани биік болуға шақыратын мерекелік күн. Әрбір қазақстандық жүрекпен сезініп, Тәуелсіздікті сақтап, дамыту жолында үлес қосуы қажет.

Тәуелсіздік күні – біздің ұлттық мерейіміз, бабалар арманының орындалған сәті, азаттығымыздың бастауы. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болып, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Н. БОКУШБАЕВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ  
Сарқан филиалының архивісі.

«Тал дегеніміз – қасиетті ұғым. Біз тал-теректерді, табиғатты қорғауымыз керек.

Шын мәнінде елімізді көгалдандыру, абаттандыру үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бірреттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл жалпыұлттық мәселе.

Қасым-Жомарт Тоқаев,

Қазақстан Республикасының Президенті.

## Табиғатты қорғау – міндетіміз



Қылқан жапырақты ормандар – табиғаттың баға жетпес байлығы әрі экологиялық тепе-теңдіктің негізгі тірегі. Шырша – қысы-жазы жасыл күйін сақтайтын, ауаны тазартып, топырақты бекітетін, жануарлар дүниесіне табиғи мекен болатын аса құнды ағаш түрі. Осы себепті шыршаны қорғау – орман шаруашылығының да, қоғамның да ортақ міндеті.

Жыл сайын жаңа жыл мерекесі қарсаңында қылқан жапырақты жас талдарды заңсыз кесу деректері жиілейтін кезеңнің бірі болып табылады. Бұл жағдай орман

экожүйесіне айтарлықтай зиян келтіреді. Соның алдын алу мақсатында биыл ұлттық парк аумағында 1–31 желтоқсан аралығында күшейтілген қорғау режимі енгізілді.

Орман қорғау қызметі мен құқық қорғау органдарының қатысуымен жедел топтар құрылып, тәулік бойына кезекшілік бекеттері қойылды. Арнайы ұйымдастырылған рейдтердің барысында төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде: қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесудің алдын алу; рұқсатсыз тасымал фактілерін анықтау; жасанды шырша өнімдерінің заңды айналымына бақылау жасау; халық арасында экологиялық түсіндіру жұмыстарын жүргізу; қоршаған ортаға зиян келтіретін құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтау және тіркеу.

Орман – халықтың ортақ қазынасы. Шыршаны қорғау – табиғи байлықты сақтау, болашақ ұрпаққа жасыл әлемді аманаттау. Ұлттық парк әкімшілігі тұрғындарды табиғатты аялауға, заңсыз әрекеттерге бейжай қарамауға шақырады.

Б.ТҰРСЫНБАЙ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП»РММ Алакөл филиалы Үйгентас  
орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

## Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері 37,7 пайызға артты

Жыл сайын 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-қимыл» іс-шарасы өткізіледі.

Іс-шараның мақсаты – тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, отбасылар мен зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсету мақсатында жүйелі ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту.

Іс-шара аясында облыс аумағында кең ауқымды ақпараттық-ағарту іс-шаралары өтеді. Мәселен, халықпен кездесулер, мобильді топтардың жұмысы, жедел желілер, дөңгелек үстелдер, ұйымдар мен оқу орындарындағы семинарлар. Зардап шеккендерге арналған іс-қимыл алгоритмдерін түсіндіруді күшейту. Сондай-ақ, агрессорлармен жұмыс істеуге және қайталанған зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше назар аударылатын болады.

Атап өтейік, биыл жыл басынан бері отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 175 қылмыстық іс тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 37,7 пайызға өсіп отыр.

Құқық бұзушыларға қатысты 2093 қорғау нұсқамасы шығарылып, олардың талаптарын бұзу бойынша ҚР әкімшілік кодексінің 461 бабымен 129 құқықбұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ішкі істер органдарының ұсынысы бойынша сот органдарымен 423 тұлғаға қатысты ерекше талап орнатылды. Сотпен орнатылған ерекше талаптарын бұзғаны үшін 165 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Талдықорған қаласында Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы да жұмыс істеп келеді. Ғимарат қажетті жиһаздармен толыққанды жабдықталған және барлық жағдай жасалынған. Әлеуметтік қызметті сапалы көрсету мақсатында, қосымша автокөлік құралдары қарастырылған. Әлеуметтік көмекке жүгінген қызмет алушылар орталықта 6 ай мерзімге дейін уақытша тұруға мүмкіндігі бар.

2025 жылы әлеуметтік көмекке 136 адам жүгінген. Мектеп жасындағы қызмет алушылар саны 49, мектепке дейінгі қызмет алушылар саны 51 адам.

Бүгінгі күні орталықта 26 тұлға (7 әйел 19 бала) әлеуметтік қызмет түрлерін алу-да. Қызмет алушыларға барлық жағдай жасалынған.

**Тұрмыстық зорлық - зомбылықты алдын алу профилактикалық жұмыстар бойынша орталықта тәулік бойы қалалық телефон 1301 және ұялы телефон 8(7282) 28-00-05, 41-53-13 қосымша WhatsApp желісінің нөмірі арқылы 87007108266 жұмысын ілгері жүргізуде.**



**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

## ЖАҢА ЖОБАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ



Жуырда Дүниежүзілік еріктілер күніне орай Сарқан политехникалық колледжінде «Sarqan jastary» филиалының ұйымдастыруымен «Мейірім алауы» атты кең көлемді форум өтті.

Еріктілік қызметтің құндылығын насихаттау әрі олардың еңбегін бағалау, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және жаңа жобаларға қолдау көрсетуді мақсат тұтқан іс-шараға аудандағы белсенді жастар мен еріктілер, мекеме, ұйымдар, ауыл нұсқаушылары қатысты. Форумда еріктілер қозғалысының маңызы мен дамуы, қоғамға қызмет етудің маңыздылығы, еріктілер қозғалысының даму бағыттары мен жаңа бастамалар талқыланды.

Жиын барысында сөз алған облыстық «Jetisu jastary» филиалының директоры Шамиль Ванкеевтің айтуынша волонтерлік жас шектемейді. Әрбір адам волонтер бола алады. Бұл адамды рухани биіктететін қуатты күш. Волонтерлік адамдарды санатқа бөлмейді. Себебі бұл – адамгершілік пен парасаттылықтың айқын көрінісі.

Ал «Мейірімді Жетісу» фронт офисының жетекшісі Шырай Саматқызы болса барлық волонтерлерді келіп жеткен мерекелерімен құттықтап, белгілі бір мамандықтың беделді иесі болыңдар деп білімгерлерге тілек білдірді.

Форум еріктілердің қоғам өміріндегі рөлін күшейтіп, гуманизм мен жауапкершілік құндылықтарын насихаттауға үлес қосты. Сондай-ақ үздік еріктілер арнайы марапаттарға ие болып, тәжірибе алмасу алаңы ұйымдастырылды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

# ОТ СОХИ ДО ГЕНЕРАЛА

## Бигельды ГАБДУЛЛИН

Чтобы понять человека, совсем не обязательно «есть с ним пуд соли». Достаточно поговорить без суеты, увидеть его дом, почувствовать атмосферу семьи, в которой он вырос.

Именно так я и попытался понять Мараткали Нукенова - одного из тех казахстанских генералов, чья карьера и судьба складывались не благодаря, а вопреки трудностям времени. Близкое знакомство с ним открыло иного человека: начитанного, рассудительного и искреннего.

Сегодня его знают по государственным наградам, высокому служебному статусу, уважению коллег. Но куда важнее - истоки. Какая земля его взрастила? Какая семья стояла за становлением характера?

### АУЛЬНЫЕ ИСТОКИ

Он вырос в простой, многодетной аульной семье в селе Черкасская обора, Саркандского района, Талдыкорганской области, где строгий, требовательный отец и мягкая, светлая мама создавали тот редкий баланс, который и формирует характер. Отец, человек твердый и принципиальный, видел главную задачу - дать каждому из детей образование. Он заранее определил путь сыновей: старшего - в юристы, среднего - в зоотехники, младшего - в агрономы. Это был не каприз, а суровая логика послевоенного времени, когда семья была обязана быть и защищенной, и накормленной.

Аульная жизнь научила мальчишек всему - от ухода за скотом и покоса до ремонта машин и плотницкого дела. Отец руководил ремонтно-технической станцией, позже - большим автопарком в Джансугурово. В такой среде ребенок вырос быстро, но крепко, понимая цену труду и дисциплине.

### ДРУЖБА, ЧТО ВЫДЕРЖАЛА ВРЕМЯ

Редким качеством, которое Мараткали пронес через всю свою службу, стала верность дружбе. Он до сих пор с теплом вспоминает своих школьных товарищей - Сашу Дрыгина и Мурата Ахмадиева.

Юношеский максимализм тех лет рождал собственные мифы: троица называла себя «тремя мушкетерами» и дала друг другу шуточно-серьезную клятву с неожиданным названием - «Клятва копы-



тами горного козла». Но за этим смешным названием скрывалось главное: умение держать слово.

Они были неразлучны - вместе ходили в пешие походы, соревновались в спорте, уходили на рыбалку, делили радости и первые победы. Жизнь развела их по разным дорогам, но школьная дружба закалила характер и стала тем фундаментом, на котором позже строилась мужская стойкость и офицерская честь.

### ШКОЛА ХАРАКТЕРА

В 1973 году он поступил в Карагандинскую высшую милицейскую школу, окончив её с отличием. Талант и дисциплина выделяли его среди курсантов: его, как лучшего, отправили в Москву - фотографироваться в Георгиевском зале Кремля. Тогда же судьба свела его с Раушан, студенткой медицинского института. Позже они создадут большую, крепкую семью, воспитают сыновей и дождутся внуков.

Начало службы - Талгар, Алматинская область. Уголовный розыск. Затем - Джамбульский район, где он дорос до начальника отдела внутренних дел.

В 1990 году его назначают начальником УВД Советского района Алматы - в самый непростой период. В конце 80-х и начале 90-х новая преступность росла быстрее, чем государство успевало перестраиваться. Нукенов относится к работе не как к должности, а как к ежедневной битве: расследования, задержания, новые методы, борьба с коррупцией и кри-

минальными группировками.

Когда в МВД создается ГУБОП - Главное управление по борьбе с организованной преступностью - он становится заместителем начальника. Это было время, когда власть криминала в Алматы достигала критической отметки. Управление ликвидирует опасные группировки - Рыжего Алмаза, Сабыржана, Бахи Фестиваля. В городе, где вчера господствовал криминальный страх, постепенно восстанавливается порядок.

### СЛЕДСТВИЕ, КОТОРОЕ МЕНЯЛО СИСТЕМУ

1995 год приносит реформу: создается Государственный следственный комитет. Нукенов возглавляет его управление в Семипалатинской области. Затем становится заместителем председателя комитета. Именно там он накапливает управленческий опыт, который позже пригодится в масштабных реформах.

После ликвидации ГСК он непродолжительное время работает начальником УВД Северо-Казахстанской области, создавая там сильный профессиональный коллектив.

В 1997 году - новый этап, один из самых ответственных: заместитель председателя КНБ РК, руководитель департамента по борьбе с организованной преступностью и коррупцией.

Работа идет напряженно, но результативно. В 1998 году ему присвоено звание генерала.

### ТАМОЖНЯ: СТРОИТЬ С НУЛЯ

В апреле 1999 года его назначают председателем Таможенного комитета. Это - годы становления таможенной политики Казахстана. Время, когда граница только оформлялась, система была разрозненной, а уровень правонарушений - высоким.

Под руководством Нукенова: автоматизирована система таможни (ТАИС); к 2001 году автоматизированы 112 таможенных органов; построены новые посты - Жибек Жолы, Кордай, Бахты, Достык; принят новый закон «О таможенном деле»; создана система преференций; укреплена борьба с контрабандой и коррупцией.

Это был настоящий переход от бумажной таможни к цифровой.

### МИГРАЦИОННАЯ СЛУЖБА И ANTI-НАРКОТИЧЕСКИЕ ОПЕРАЦИИ

С 2002 года он руководит миграционной службой МВД. В условиях неконтролируемых потоков мигрантов автоматизирует выдачу паспортов, создает подразделения для пресечения нарушений, строит приемники-распределители.

Позже возглавляет Комитет по борьбе с наркотиками. Проводит крупные спецоперации: задержан автомобиль с 120 килограммами героина, перекрыты десятки международных каналов, восстановлена кинологическая служба, проведены проекты «МАК» и «КЕНДР-2003», в столице реализована программа «Астана - город без наркотиков».

В эти годы потребление наркотиков заметно снижается.

Яркой и не забываемой страницей в его биографии было участие в работе Генеральной Ассамблеи ООН в 1998 году по борьбе с наркотрафиком. Он возглавлял казахстанскую делегацию и выступил со знаменитой малахитовой трибуны. От США выступал Билл Клинтон с его артистизмом и уверенностью, на правах принимающей страны. В те дни Мараткали также встретился с Генеральным секретарем ООН Кофи Аннаном и депутатом Европейского парламента Пино Арлакки.

В 2005 году Нукенов защищает докторскую диссертацию по проблемам коррумпированной преступности.

### ПОСЛЕ СЛУЖБЫ

Сегодня генерал в отставке. Спокойно и достойно живет с супругой - поэтессой Раушан Нукеновой, растит внуков, катается на лыжах, сохраняет спортивную форму. Но главное - не потерял тех качеств, что привила аульная земля: трудолюбие, порядочность, строгость к себе и уважение к знаниям. Эти качества он передал своим детям. Теперь передает внукам. И, похоже, эта семейная цепочка будет крепкой до конца их жизни.

В эти дни ему исполняется 70 лет. Хочу пожелать генералу крепкого здоровья, семейного благополучия, душевного покоя и новых свершений в своих начинаниях. Пусть рядом всегда будут верные единомышленники, а в душе уверенность, что все сделанное им имеет глубокий смысл и оставляет добрый след.

## Как получить медицинские услуги по ОСМС в частной клинике

Получение медуслуг в частных клиниках по ОСМС прокомментировали в Фонде социального медицинского страхования. Эта возможность была изначально предусмотрена при разработке системы социального медицинского страхования и действует по настоящее время.

### Как это работает?

Поликлиника обслуживания имеет возможность создать направление для своего пациента в любую клинику, работающую по ОСМС. Пациент при этом не платит за медицинскую услугу, так как финансирование будет произведено за счет Фонда социального медицинского страхования в рамках договора соисполнения.

### Когда это может быть применимо?

Если в поликлинике обслуживания в целом нет нужного профильного врача для получения консультации или определенного оборудования для прохождения той или иной диагностической услуги, то пациента направляют в другую клинику.

К примеру, некоторые организации первичной медико-санитарной помощи ввиду небольшого количества прикрепленного населения не имеют в штате некоторых врачей узкого профиля (допустим, пульмонолога, аллерголога, ангио-

хирурга) или не имеют оборудования для УЗИ, рентгена. Когда данные услуги необходимы пациентам, им дают направление в клинику, с которой поликлиника работает по договору соисполнения.

Также есть другие случаи, когда в поликлинике есть необходимые специалисты и оборудование, но запись заполнена на месяц. Также этот механизм действует и в случаях, когда нужный врач находится в отпуске или оборудование временно вышло из строя. В таком случае пациент имеет право попросить направление в другую клинику, в том числе частную, для получения нужной ему медицинской услуги.

**Важно:** направить могут только в ту частную клинику, которая находится в базе поставщиков Фонда социального медицинского страхования.

При этом не имеет значения, есть ли договор соисполнения между поликлиникой пациента и данной клиникой, поскольку он формируется автоматически в информационной системе при создании направления.

В частной клинике пациенты могут получить не только консультацию или пройти диагностические процедуры, но и быть



направлены на лечение в условиях дневного или круглосуточного стационара, в том числе для проведения различных операций, входящих в перечень ОСМС.

### Защита прав

Если пациент не получил направление на требующуюся медицинскую услугу, он может обратиться в Службу поддержки пациента и внутренней экспертизы при поликлинике.

В случае отсутствия положительного решения можно направить официальное обращение в Фонд для проведения проверки по данному факту.

В Фонде при этом подчеркнули, что любую консультативно-диагностическую

услугу пациенту назначает лечащий врач. Он изучает его состояние, оценивает жалобы, проявляющиеся симптомы. И только при наличии соответствующих показаний выписывает направление на проведение лабораторных и инструментальных исследований, либо на консультацию профильного врача.

Напомним, чтобы получать услуги по ОСМС, необходимо быть застрахованным.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».**

**Нұрғали Көпесбаев**

(Жалғасы. Басы өткен нөмірлерде).

Бірлесіп егін егіп, ол жер бетіне ең беріп, көк балауса болып жайқалып шыға келгенін көрген колхозшылардың қуанғанын сөзбен айтып жеткізу қиын. Қатыны ұл тапса да, қойы егіз туып, биесі құлындаса да дәп осындай қуанбас еді. Нан – адам баласының өмірлік азығы, тірліктің тірегі, күш-қуаты, елдің берекесі емес пе? Енді ел аштан қырылмайды, бұған қуанбағанда қайда қуансын. «Мен де сенің еккен жемісіңмін» деп еркелеп, бұралып, күлімдеп қарап тұрған көк бидайды көргенде ертең оның пісіп жетіліп, асыл дәнін беретінін есіңе алсаң кеуденді қуаныш кернейтіні рас. Колхозшылар осынау мәпелеп өсірген ақ бидайын бұршақ соқпаса, басқадай кеселге ұрынбаса деп тілейді. Мұның арасындағы арамшөптен тазартуға кәрі-жас, тайлы-таяғымен түгел қатысады. Жалаңаш қолмен арамшөптерді жұлып тазалайды.

Егін орағы науқанына дайындық ерекше қарқынмен жүрді. Қолорақ, қолшалғы, аша, тырма қайтадан шыңдалып, қайралып жөндеуден өтті. Арба, сүйреткілер дайындалды. Шөп шабатын «Лобогрейка» деп аталатын ат машиналар қайта әзірленді. Бұл машиналарға енді 2 адам емес, 3 адам керек болады. Оның артынан ат-тырма жүріп отырады. Қолшалғы – орақшылардың артынан қолтырмашылар, егін баулайтындар келеді. Бидайды маялап бастыратын қырман дайындалады. Бұл көбінесе, жел жиі соғып тұратын биіктеу жоталардан таңдап алынады. Жер бетін тақырлап, шөптен тазартып, су тасылып құйылып, домалақ малатаспен тегістеп, 4-5 күн дамылсыз таптайды. Бұдан соң кәдімгідей бидай дәні жерге сіңіп кетпейтіндей цементтелгеннен кем емес қырман болады да шығады. Міне, алғашқы егін науқанына колхозшылар осылай сақадай-сай тұрды.

Мал жайылымынан басқаға жарамай, игерілмей жатқан тың жерлерге сол жылдары жан бітірген ел еңбегінің алғашқы жемісін көрді. Сап-сары алтындай болып ақ бидай жайқалып тұрды. Басы кереқарыс, дәні баданадай аппақ, әсем исі мұрныңды жарып, ішпей-жемей тойып тұрасың.

Ең алдымен бісмілла деп қолорақшылар науқанды бастады. Олар қолорақпен орып, сонан соң белінен қарасорамен бір буып баулап, 5-10 баудан біріктіріп басын масағы түспейтіндей жоғары қаратып шоғырландырып қояды. Сонан соң қолшалғышылар, оның артынан ат машинамен шабушылар кіріседі. Осының барлығының артынан ат тырма, жаяу тырмашылар, арбалар, талдан жасалған сүйреткілер, қалған масақты теретін балалар жүріп отырады. Қысқасы егін даласында бір бас бидай қалдырмай жинап, дайындалған қырманға тасып, маялап, дәнді қырманға жайып малатаспен, күш-көлік тұяғымен сартылда-тып үгеді. Үгітілген бидайды қырман ортасына үйе береді-үйе береді.

Ендігі кезек бидай ұшырғыштарға тиеді. Кішкене жел ызындап соқса болды, бұларда күні-түны тыным болмайды. Осы күнгі элеватордың қызметін атқарып, бидай әбден тазаланған соң ең бірінші тұқым қорына, керегінше колхоз қамбасына құйылады. Сонан соң өкіметке өткізіледі, еңбекақыға

бөлінеді. Бидайдың үшінші, төртінші сорттары бөлек жиналып, мал азығына дайындалады.

Осы бір адамзаттың қол күші мен маңдай терін сорғалатып, күндіз-түні тыным көрмей жасаған еңбегінің жемісі, көрген азап-бейнетін ұмыттырып, тойға айналады. Колхозшылардың бірлесіп істеген еңбегінің қорытындысын шығару

жатын бөлмелерінің ең төрінен орын тазалап төгіп, өздері төменірек жатып жүрді. Кейбіреулер ұра қазып көміп жатты. Осылай арпалысып жүргенде жоғарғы жақтан колхозшылардың артық астығын өкімет бағасымен аламыз, ақшасына керегінше киім-кешек, мата, ыдыс-аяқ, ас тұзы, керосин береміз деген жаңалық келді. «Ағаш көркі – жапырақ, адам



# Өмір өткелдері



көркі – шүберек» дегендей көпшілік көктемдегі гүлдей жайнап, жадырап қалды.

Колхоз орталығынан 3 бригадаға арналып топырақтан түймештеп кең сарай салынды. Бұл сарай темір ұсталығы мен ағаш шеберлері үшін бөлініп берілді. Әр бригаданың күш-көлігі бапталып, бағылатын мал қоралар салынды. Мұқтаж отбасылар үшін түймештен үй салып беріп жатты.

Бізде ағайынды Бекбай, Мырзағали деген азаматтар тақтай кесетін «пилорама» жүргізді. Бұлардың шеберханасы тіпті қызық. Тақтайға тілінетін ағашты жерде жатқанда 4 қырлап, балталарымен тегістеп алады да 2 басына шеге қағады. Күйе жағылған, ұзын қатты есілген шуда жіпті шегеге керіп, садақтың шегіндей созып жіберіп қалғанда күйелеш жіп тақтайға тарс етіп түп-түзу белгі түседі. Міне осы ағаштың үстінде, біреуі астында ұзын қоламен түп-түзу кесіп түседі. Міне осы күнгі электр тоғымен жүретін пилораманың негізі біздің ауылда осылай құрылған болатын.

Керекті өгіз мойынағаш, ағаш-тырма, ағашаша бәрі осы ағаштан жасалып жатады. Қысқасы ағаш пайдаланылмайтын бірде-бір құрылыс сайманы жоқ еді. Күні бүгін, келешекте де ағаш адам үшін керек бола береді.

Ел есін жинап, қарын тойына бастағанымен өмір сүруге қажетті тұрмысымыз олқылыққа толы еді. Сабын, тұз, керосин жоқтың қасы. Сабынды түйетікен, алаботаның өртенген күліне сүйекті теріп қайнатып, соның майы мен сорпасын қосып жасап алатын. Тоң майдан майшам жасалады. Біреуде аздаған тұз болса бір түйірлеп ауысып, ел-жұрт күн көріп жатты.

Етек-жеңіміз жинала бастасымен сауатсыздықты жаппай жою

мәселесі көтерілді. Үлкен-кіші демей, әйел-еркек демей оқып-жаза білу мақсаты қойылды. Дүние тарихын оқып, жаза білмейінше, 4 амал есептің мәнін ұққанынша, өз сауатынды өзің жетілдірмейінше көзің ашылмайтыны түсінікті болды. Бұл өзі күрделі мәселе болды. Әліпті таяқ деп білмейтін елде не қағаз жоқ, не қарындаш жоқ, не кітап, не жаңаша оқытатын мұғалім жоқ. Колхоз жиналысында мұғалімдер дайындайтын қысқамерзімді курстарға Алматы, Лепсі-Ойжайлау уездеріне ептеп арабша оқып, жаза білетін жастардың алғашқы тобы жіберілді. Біздің ауылдан Рашад Досжанов, Қапез Темірғалиев, Есім Байғасымов деген жастар алғашқы топқа ілінді. Бұл 1933 жыл еді.

Дәл осы кезде аудан орталығынан Тоқпанов деген мұғалім келді. Келіншегі де мұғалима екен. Біздің ауыл бұл екеуін меккеге барып келген қажыдан артық күтті. Кезек-кезек үйлеріне шақырып, сыйлап жатты. Бағымызға қарай екеуі де инабатты, байсалды, тәртіпті адамдар болып шықты. Тоқпановтың өзі революция ардагері екен. Екеуі өздерімен бірге алғашқы латын әрпімен жазылған әліппе кітаптарын, аздап дәптер, жаңа қара қарындаштар ала келіпті. Колхоз орыс байларынан көмпескеленіп алынған 2 бөлмелі ағаш үйді мектепке арнап, жуып-шайып, тазалап берді. Бұл мектепте 8 жастан 15 жасқа дейінгі балалар оқитын болды. Бір тобы түске дейін, екінші тобы түстен кейін үлкен-кіші балалар аралас оқитын. Ал ересектер жұмыстан кейін түнде оқиды. Бұлар үшін арнаулы мектеп болмаса да әр үйге кезекпен жиналады. Бұған ренжіп жатқан бірде-бір отбасы жоқ.

Мұғалім дегеніміз халықтың ең бір ардақтысына айналды. Ересек адамдардың тізімін жүргізген кезде

кейбір әйелдер атасының, күйеуінің атын атаудан бас тартты. Сонау жаратылыстан келе жатқан тәртіпті бұза алмады. Төрінен көрі жуық аталарының, кеудедегі жанымен бірдей жарының атын атау олар үшін күнәмен бірдей еді. Қазақтың қанына сіңіп кеткен сыйластық, адамгершілік дәстүрін амалсыздан сетінетуге тура келді.

Мұндай жағдайда үлкен ақсақалдардың өзі көмекке келді. Олар шарифат заңы бойынша атасының, күйеуінің атын атау күнә емес деп түсінік берді. Жаңа заманда жаңаша өмір сүруге үндеді. Сауат тану, хат тану, оқу-жазу жұмысы жүріп жатты. Аз уақыт ішінде үлкендеріміз тіл сындырды. Бірер жылдың ішінде 4 амал есеп шығаруды меңгеріп алды.

Білім алу, әсіресе жастарға өте пайдалы болды. Ол кездегі жастар бір-біріне деген сүйіспеншілігін үлкендердің көздеріне түспей хат арқылы жеткізетін. Дәптер мен қарындаш жетіспегендіктен аудан орталығынан арнайы дәптердің көлеміндей төрт бұрышты қара тақтай үлестіріліп берілді. Известпен қатырған жіңішке қарындашпен осыған жазатын болдық. Бұл әсіресе есеп шығару үшін таптырмайтын тақта болды. Осында есеп шығарып, дәптерге көшіріп алған соң өшіріп тастап қайтадан жаза береміз. Қаншама қиыншылыққа қарамастан елдің сауаттануға ұмтылғандығы сонша қағаз, қарындаштарын басына жастап ұйықтайтын болды.

Мектепке келгенде сабақ уақытынан көшігіп қалсаң есікті тықылдатып рұқсат сұрайсың. Ол кезде күндізгі оқыған сабағыңды үйге келген соң қорытындылап, конспект жазасың. Ертесінде пысықтап қайталап отырасың. Кімде-кім дайындықсыз келсе оны бұрышқа қазықтай қағып тұрғызып қояды. Осындай тәртіп баланы жақсы оқуға итермелегені анық. Сол кезде оқу озаты, тәртіпті болу үшін бір-бірімізбен социалистік жарысқа түсеміз. Жарыс қорытындысы тоқсан сайын шығарылып, әке-шешен де үйде қадағалап отырады. Білім деген инемен құдық қазғандай деген сөздің парқын мектеп қабырғасында біз әбден түсіндік.

Біз уақыт тауып асық ойнадық, доп ойнадық. Ойынның соңына түсіп кетсең білген сабағыңды ұмытып, қарабет боласың. Мен өзім тоқсан сайын үздік, екпінді атанып, мақтау қағаз алып жүрдім. Осы ойынның соңына түсу қырсығынан бір тоқсанда жаман баға алып, әкемнен жеген таяғым есімнен шықпайды. «Өлімнен ұят күшті» деген осы екен. Содан соң тырысып, мектепті бітіргенше алдыңғылардың қатарында болдым.

Ол кезде сиялы қарындаш табыла бермейді. Сияны бидайды күйдіріп қуырып, езіп жасаймыз да жаза береміз. Ол кездегі мұғалімдердің беделі өте жоғары еді. Дүниетанудан қараңғы елдің көзі ашылып, айналасында не болып жатқанын түсіне бастады. Осындай асыл жандар – мұғалімдер Ұлы Отан соғысына қатысып, бейбіт уақытта берген тәлім-тәрбиесін соғысуақытында дәлелдеді. Қаһарман батырлар Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллиндер шынайы ұстаз бола білді. Өзімізбен бірге Ұлы Отан соғысына қатысып, қанды шайқастарда ерлік көрсетіп, өңіріне орден, медаль тағып абыройлы оралған ауылымыздың алғашқы ұстаздары Рашад Досжанов, Есім Байқасымовтарды атамай кетуге

болмайды. Мұғалімдердің арасында Отан үшін жанын қиған Мадияр Чекин, Әбдікәрім Әшімбеков және басқалар дербес естеліктерге арқау болатын азаматтар еді.

Біздің ауылдағы орыс балалары қасымыздағы Покатиловка селосындағы орыс мектебінде білім алды. 1940 жылға дейін бізде орыс тілінен беретін мұғалім болған жоқ. 1940-41 жылдары орыс тілінен Ермак және Мадияр Чекин дәріс берді. Біз онсыз да ауылдағы орыстармен араласып, екі тілде сөйлесе білетін едік. Менің бірге өскен жолдасым Василий Вдовиченко екеуіміз ойнап жүріп ол қазақша, мен орысша үйреніп алдық. Қабілетің болса 4-5 тілде сөйлей білгенің өзіңе жақсы емес пе? Дегенмен өз тілін, дәстүрін білмеген адамды мен өз халқының сатқыны деп есептеймін.

1935-36 жылдары колхоз құрылысы қалыптаса бастады. Орталықтан соқа, тирма, шөп машиналары, егін шабатын машиналар келді. Қамыт-сайман, дайын арбалар, оларға қажетті май жеткізілді. Ағаш саймандарды колхоз өз шеберханаларында өздері жасайтын болды. Егіс көлемі ұлғайып, оның түсімі де еселенді. Мал басы артты, бұрын жалғыз отар қой-ешкі болса енді олар 3 отарға жетті. Колхоз берілген жошпарын ғана орындап қоймай артық астығын өкіметке сата бастады. Біздің «Қызыләскер» колхозы сол кездегі шаруашылықтардың алдыңғы қатарынан көрінді. Тау етегіне егін салатындықтан тәлімі алқаптың әр гектарының өзі 18-20 центнерден өнім берді. Біздің ауылдың алғашқы жетістігін естіп, ауданнан, облыстан, орталықтан өкілдер келе бастады.

Мен егін шабатын лобогрейка машинасының погонщикі болатынмын. Подъемщикі Төребек деген жігіт. Машинист – менің ағайым Мұқан. Осындай бір қауырт жұмыс үстінде Қазақстанның өкімет басшыларының бірі Айдапкелов деген кісі келе қалды. Арықтау, бойшаң, басы тап-тақыр кісі екен. Басында делегейі, көк кителі, галифе шалбары бар. Бізді тоқтатып, жағдайымызды сұрастырып болған соң ағайымның қолындағы ашасын сұрап алды. Машинаға отырып, «ал балалар, айдаңдар» деді. Жүрегіміз лүпілдеп, өз әлімізше жымын білдірмей жүріп бердік. Ол кісі де шебер екен. Машинаның қалағы арқылы жапырып шабылған бидайды машинист ашасымен өзіне қарай тартып, арт жағындағы белгілі бос үшбұрышты орынға жинап отыру керек. Мөлшері болғанда артқы есік тақтайдың қайыспен бекітілген бір ұшы машинисттің бір аяғына кигізулі болады. Осы қайысты аяғын артына қарай жіберіп босатады. Сонда әлгі артқы есік ашылады. Сонан соң машинист шөмеле болып үйілген бидайды артына қарай сырғытып түсіреді. Мұны да көрінген жерге түсіре бермейді. Өзінің қатар-қатар мөлшерлі дестелері бар. Сонымен бірдей қатар тізіп, түсіріп отырады. Мұны Айдапкелов жолдас шеберлікпен жақсы орындады. Біз алқапты бір айналып келіп тоқтадық. Әлгі кісі, әрине, терлеп қалыпты. Менің ағайыма ашасын қайтарып беріп, «Жарайсың, машинаң бабында екен, енді егінді ысырапсыз жинап алыңдар» деді. Содан соң ағайдан «Коммунист болғыңыз келе ме?» деп сұрады. «Мен өзім де коммунистпін» деп жауап берді ағай.

Ол кезде қазіргідей жетілген тех-

ника аты-затымен жоқ. Арбамен, сүйреткімен тасыған, орақпен орып баулаған бидайдың дәні жерге түспей тұра ма? Келесі жылға деп парға жыртылған жерлерге, тіпті жыртусыз алқаптың өзіне де керемет жабайы бидай шығады. Сөйтіп біздің колхоз бай шаруашылықтың біріне айналды. Кешегі аштық жайлаған өлке көл-көсір жақсылық орнаған ауыл болып қалыптасты. Ендігі кезектегі мәселе – колхоз орталығынан жеті жылдық мектеп, кеңсе үйі, клуб, астық қоймаларын салу болатын. Көпшілік қоғамның келешегі үшін жалпы жиналыста осы мәселе қаралып бекітілді де, ауқымды құрылыстарға жұмсалатын қаражат бөлінді. Мектепті барлық колхозшылардың жеке еңбек ақысының үлесінен орнаттамыз деген қаулы алынды. Ел болып іске кірісті, еңбекке жарамды жас-көрінің бәрі араласты. Екі жылдың ішінде жеті жылдық мектеп 1939-40 оқу жылына дайын тұрды. Барлық кластарға осы колхозшылардың таза еңбегінен судай жаңа парталар, тақталар сатып әкелінді. Мұнымен қоса үлкен астық қоймасы, клуб, кеңсе салынып пайдалануға берілді.

Өстіп жаңа өркендеп келе жатқан колхозымызда халық жаулары бар екен деген өсек тарады. Ең алғашқы колхоз басқармасы Есбол Жаңабаев, колхозшылар Қамза Қарасаев, Қайырбек Жиынбаев, Ақаш Тойшыбеков, Молдахмет Мұқынов, Ахметжан Жәкебаев деген саясаттың иісі мұрнына бармаған жалаңаяқ кедейлер 1940 жылы «Халық жауы» деген жаламен айдалып кете барды. Осылардың кейбіреулері 10-15 жылдан кейін келді, бірқатары келмеске кетті. Оларды кімнің көрсеткенін, кімнің қырсығынан кеткенін біздер біле бермейміз.

Сол кезде біздің колхозда партия-комсомол комитеті, пионерлер дружинасы, мұғалімдер ұжымы қоғамдық жұмысқа тартылды. Мектеп орталығынан бір коммунист мұғалімі басқарған комсомол-пионерлерден кәдімгідей комиссия құрылады. Комиссия колхоздың құрал-саймандарын есептеп, күш-көліктерінің жағдайын біліп, адам күштерін саралап, көктем егісіне шөп, егін жинау науқанына, мал қыстатуға дайындықты тексереді. Парткоммен басқарма мәжілісінде талқылап, кемшіліктерді түзеп, олқылықтардың орнын толтыруға шара қолданады. Сол кезде комсомол мен пионерлер комиссиясы келе жатыр десе сескенбейтін бірде-бір адам болмайтын. Қайткенде кемшіліктерді жойып, өте жақсы жағынан көрінуге тырысатын. Өйткені олар болған кемшілікті аямай әшкерелеп, бетіне басын. Жұмыстың алдыңғы қатарлы жеңімпаздарына Қызыл ту тапсырылса артта қалғандарына құрым киіз кигізілген ағаш берілетін. Құрым киіз алған бригаданың қашан айтылған кемшіліктерді жойғанынша ішкен асы бойларына тарамайды. Бұл комсомол-пионерлер комиссиялары тәртібі, үлгерімі нашар балалардың үйлеріне барып дәл осыған ұқсас шаралар қолданатын. Кейбір отбасы жағдайындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алып, ретке келтіріп отыратын.

Біздің колхоздың салынған клубы аудан бойынша ең мақтаулы ғимарат болды. 150 орындық осы клубқа соғыстың алдында 1940 жылы Жүсіпбек Елебеков бастаған өнер қайраткерлері келіп концерт қойғаны есімде. Жүсекеңнің шағын

домбырасының басына айна орнатылып, үкі тағылған еді. Ал енді салған әнін айтсаңызшы.... тіптен тамаша, адамның да мұндай бұлбұлы болады екен-ау деп таңғалысқан едік. Ал Жаппас Қаламбаевтың қобызының үні жан дүниенді ерітеді, бұл кісінің өнерін тамашалағанымызда тіпті өзімізді өзіміз ұмытып кетіппіз. Осы ардақты азаматтар Жетісудың бір түкпірінде жатқан біздің ауылдың да дәмін татып, суын ішті. Ел құрметіне бөленген өнердің жарық жұлдыздары еді. Біздің ел мұндай ірі концертпен келген халық әртістерін бірінші рет көрді. Тіпті ол кісілер әртіс деген ұғымды да білмейтін. Қазір, міне, мұны көрген көнекөздердің көбісі жоқ. Содан кейін жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де сол кездегі бала көрермендердің бірі, өз басым күні бүгін көргендей болып отырамын.

Колхоз құрылысы күннен-күнге нығая берді. Соқа-сайман, егін-шөп машиналары, егін бастыратын молотилка біздің колхозымыздың күш-қуатын арттыра бастады. Бұл саймандардың қыры мен сырын ауыл азаматтары жедел меңгеріп алды. Енді ішкі жақтан жер жыртып, өңдейтін трактор деген техника келеді екен, осыны жүргізетін тракторшылар дайындайтын курсқа жас жігіттерді іріктей бастады. Колхоз көпшілік мәжілісін ашып, ақылдасып, Әубәкір Қалиев, Қаумен Досжанов, Т.Коломцев, Мұқан Нұрпейісов, М.Янковкин деген азаматтарды алғашқы темір тұлпарларды тізгіндеу үшін аудан орталығында ашылған курсқа жіберді. Трактордың аты ХТЗ болатын. Әлгі азаматтар 3 ай оқып, қара тұлпарды үйретіп, соқа-сайманымен гүрілдетіп алып келді. Бүкіл ауыл болып, кәрі-жас, тайлы-таяғымен қарсы алуға ауылдың кіре беріс жолына шықты. Қолдарында шелек-шелек сүт-айрандары бар, шеппек-бауырсақтары бар.

-Жарықтықтың дауысы зор екен, күші де мол болар,-десіп жатты көпшілік.

Тракторшылар ауыл шетіне тоқтаған кезде колхозшылар лап қойып, оларды жерге түсірмей, қолдан қолға көтеріп, құтты болсын айтып жатты. Ағынан жарылқасын деп әйелдер қолдарындағы айран-сүттерін трактордың басына құйып жатыр. Ел болып оның күшін, жейтін жемін, атқаратын жұмысын сұрастыруда. Бұл алып күш-көлік өкімет тарапынан қарызға берілгенін, оның құнын жыл сайын өтеп тұратынымызды, жейтін тамағы керосин, солидол, автол деген май екендігін, осы майларды өздеріміз жеткілікті түрде сатып алатынымыз туралы түсінік берілді. Ол үшін адал еңбегімізді аямай жұмсап, тракторды күтіп ұстап, оның күшін дұрыс пайдалану керек екендігі айтылды. Міне, алғашқы колхоз-совхозды механикаландыру осылай басталды. Осы техниканы дұрыс пайдаланудың, еңбек тәртібін дұрыстап жолға қоюдың, адам күшін күш-көлікті, саймандарды тиімді қолданудың нәтижесінде біздің колхоз ірі-ірі табыстарға жетіп, аудан асып, республикаға белгілі болды. Талай-талай марапаттарға ие болып, ауыспалы Қызыл ту алып отырды. Осы күнгі жастардың ата-бабалары 1930-40 жылдары осындай уақиғаларды бастан кешірді.

(Жалғасы бар).



**Жомарт ИГИМАН**

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы Декларация қабылданды. Бізге дейін кеңестік одақ құрамындағы барлық мемлекеттер тәуелсіздігін жариялап үлгерген болатын. Сондықтан 70 жыл желкемізде тұрған одақтық билік ыдырап, Тәуелсіздікті жариялаған соң осынау еркіндік біз үшін аспаннан түскен сый сияқты елестейтіні шындық. Ал ақиқатына келгенде Тәуелсіздік бабаларымыздың туған елінің азаттығы жолындағы жан беріп, жан алысқан күресінің нәтижесі еді. Сондықтан азаттықты ұлы арманға айналдырған ата ұрпақтың аманатына адал болуымыз керек. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдан бұрын Алаш рухына бөлеген зиялы қауым аманатының жөні бөлек. Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету – біздің өткеніміздің алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі Тәуелсіздігімізді тұғыр етер берік ұстанымдардың бірегейі болғанын естен шығармағанымыз абзал.



# Ұлттық мұрамыз - Тәуелсіз мемлекетке

Тарихымызды тану, өткенімізді ұғыну көп жылдар бойы біз үшін арманға айналғаны анық. Қадыр ақын айтқандай "тарихы қалың болғанымен тарих кітабы жұқа" ұлт едік біз... Патшалық заман да, кеңестік кезең де тарихымызды терең тануымызға ықтият емес-тін, қайта Қазан төңкерісінен кейін ғана көзі ашылған мүскін ғаріптің тазкепешін кигізу қаншама ұлысты нөқталап ұстауға негіз болмады ма?

Ұлт ғұмырындағы күллі тағдырлы бетбұрыстар жасалған жиырма-сыншы ғасыр қазақтың мыңдаған жылдықтарихының шешуші үзіктерінің бірі. Сол ғасырдың басында ұлтымыздың ұлы тұлғаларының сапында Мұхамеджан Тынышбаев тұрды.

Ол өткен жол, ол жүрген соқпақ өте күрделі: Верный гимназиясының алтын медальді түлегі, Петербургтегі I Александр атындағы теміржол институтының үздік студенті, II Думаның ақиқат жолында арыстандай арпалысқан депутаты, Орта Азиядағы Әмудария теміржол көпірі құрылысының бас инженері, Алашорда үкіметі көсемдерінің бірі, Түркістандағы Қоқан автономиясының премьер-министрі, Түркісіб темір жолының бас инженері... Бұл Мұхаң өткен үлкен жолдың біз білетін бекеттері ғана. Білмейтінімізді бір ғасырда бір туатын

ғұламаның жазбаларынан іздеп көреміз, аңсар-мұратын сезінуге ұмтыламыз.

М.Тынышбаевтың жазғандары бір ізге түсіріліп, жинақталып, 1992 жылы "Жалын" баспасынан "Ақтабан шұбырынды" деген атпен жарық көрді. Осы жинақтың беташары іспетті "Қырғыз-қазақ халқының тарихына материалдар" мақаласынан бастап қазақтың түп-тұқияны, тек-тамыры, ру-тайпалары хақында ғылыми тұрғыда сипаттама жасаған еңбектері кейіннен талайлы, тағдырлы зерттеулерге арқау болғаны анық. Бұл еңбектерді оқып отырып, авторының энциклопедиялық біліміне, эрудиттігіне тәнті боласыз. Оны кезінде атақты генетик және селекционер ғалым Н.И.Вавиловтың Орта Азия мен Қазақстанға жоспарланған болашақ экспедициясына кеңесші болуға шақырғаны осы білімпаздығынан туындағаны талас-сыз.

Алаш идеясы бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауы десек замандастарымыздың біразы иланғысы келмейді. Неге? Санасындағы кеңестік кезеңнің тасқа салынған таңбадай айшықтап берген ұстанымын жоққа шығару қиын болар... Бұл тоталитарлық идеология уытының әлі ыдырамағанының белгісі, сананың үмітсіз дәрежеде қатты уланғанының салдары. Әйтпесе, Алашорда үкіметінің

90 жылдығы ел болып еленіп, ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылып атап өтілер еді. Астанадан бастапауылдарға дейін алты алаштың ардақтарының еңбектерін қайта електен өткізіп, салмақтысын сана таразысына қайта салудан ұтпасақ ұтылмайтынымыз хақ.

Ең құдыретті шығармашы - тарих, қаламгер иманы түзу хатшы бола білсе тарихқа тіл бітеді, - депті ұлы Бальзак. Бұл тұрғыдан алғанда Мұхамеджан Тынышбаев көңілінің түзулігін, жүрегінің тазалығын, кеудесінің білімге қазына екендігін дәлелдеп, тарихқа тіл бітіре білді. Демек, тәуелсіздік игілігін көріп отырған бүгінгі кезеңде қазақ халқының сонау ғасырлардағы болмыс-бітімін зерделеу арқылы рухани түлеуге талпынған жастарымызға дем берген Тынышбаев тағылымына бас игеніміз абзал.

1924-25 жылдары Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесінде оқылған қазақ халқының тарихына қатысты баяндамасында Мұхамеджан ғалым туған елінің түп-тамырын зерделеуге талпынғандар арасынан Вельяминов-Зерновтың және Левшиннің зерттеулерін негізді деп таниды. Осы авторлардың қазақтанудағы жетістіктерін, кемшіліктерін саралай келіп, қазақ руларының шығу тегіне терең бойлайды, үш жүздің басты тармақтарын

тарата келіп, бауырлас халықтармен байланыстыратын туыстық желілерін қозғайды. Орыс тілінде тұңғыш рет қазақ руларының ұрандары мен таңбалары хатқа түседі, қазақ тарихындағы елеулі тұлғалардың түп-тамырынан бастап, бүкіл үш жүздің шежіресі түзіледі.

Мұндай көз майын жеп, жүйкені тауысарлықтай ауыр міндетті тарихшы, тіл маманы емес инженер Тынышбаевтың атқарғаны қалай? Ескі мен жаңа алмасып, өткеннің бәрін қаралап жатқан тұста тарих тереңіне бойлау кім үшін қажет болды?

Тарихқа тіл бітіру, ескі қалалардың тылсымдарына үңілу еріккеннің ермегі емес еді. Күні кеше ғана тәуелсіз мемлекет құруды мақсат тұтқан, халқына қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған тұлға аумалы-төкпелі заман ырқымен кеңес құрамына енген елінің ертеңі тұлдыр болмауын басты мақсат тұтты. Сол үшін өткеннің өнегесін тірілтуге талпынды. Жақсылардың - жайсандардың, батырлардың-бағландардың, хандардың - сұлтандардың тарихын көз ашық жастардың рухын ояту үшін тізбеледі. "Біз етек-жеңін ежелден жинаған елміз, біз дала демократиясына бағынған, билікті сыйлап, шешендікті бағалап, ұлылардыдаралай білген елміз. Біз тексіз емеспіз, түп-тамырымыз ежелгі қуатты түрік мемлекетімен сабақтас", - деп сыр шертеді Мұхамеджан атамыздың мұралары. Демек М. Тынышбаевтың тарихи еңбектерін оның ұрпақ алдында атқарған толағай істерінің бір тарауы деп қабылдауымыз керек.

Келісті де күрделі тағдыр иесінің Қазақ елі тәуелсіздігіне сіңірген еңбегі зор. Еліміздің еңселі тұлғаларымен рухтанған келер ұрпақ Тәуелсіздік, Тарих және Тынышбаев деген ұлы ұғымды насасына сіңіріп өсетін болады.

## Құдыретті ұғым

Тәуелсіздік – әр халықтың сан ғасырлық арманы, ұлттық рухының символы, болашаққа нық қадам басуына негіз болатын құдіретті ұғым. Қазақ халқы үшін тәуелсіздік – елдігіміздің ең асыл мұраты, ата-бабадан қалған аманат, ұрпақтар жүрегіндегі мәңгілік қуат. Ғасырлар бойы елінің азаттығы үшін күрескен батырлар армандаған күн – 1991 жылдың 16 желтоқсанында жүзеге асып, Қазақстан өз мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Бұл күн – қазақ елінің жаңа тарихының бетін ашқан, ұлттық сана мен рух жаңғырған ұлы белес.



Тәуелсіздік жылдары еліміз үшін тарихи мүмкіндіктер кезеңі болды. Қазақстан әлемге бейбітшілікті, татулықты, келісімді дәріптеген мемлекет ретінде танылды. Экономика, ғылым, білім, мәдениет салалары қарқынды дамып, елдің халықаралық беделі артты. Мемлекеттік рәміздер қабылданып, ұлттық валютамыз айналымға енді, астана бой көтерді. Ең бастысы, қазақ тілі мемлекеттік мәртебесіне сай дамуға мүмкіндік алды. Қазақ тарихы мен мәдениеті жаңғыртылып, ұлттық болмысқа деген құрмет күшейді.

Жас ұрпақ – тәуелсіздіктің алтын діңгегі. Олар азат елде дүниеге келіп, еркін ойлайтын, болашаққа сеніммен қадам басатын буын болып қалыптасуда. Тәуелсіздікті сақтау – олардың басты міндеті. Өйткені тәуелсіздік тек өткеннің емес, болашақтың да бағы. Елдің ертеңі – білімді, елжанды, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жастардың қолында. Сол себепті жас буынның бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, жауапкершілікті, азаматтық борышты сезіндіру – бүгінгі қоғамның маңызды парызы.

**А.ЕСЕРКЕЕВА,**

**Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.**

## Ұлт арманын ақтаған тарихи белес

**Қазақстанның тәуелсіздік алуы — ғасырлар бойы халқымыздың аңсаған арманын орындаған тарихи белес. Бұл күн бір сәттік шешімнің, саяси құжаттың нәтижесі емес, ұлттың басынан кешкен ауыр тағдырдың, үздіксіз күрестің, иілмес рухтың жемісі еді. Тәуелсіздікке дейінгі кезең — қазақ халқының болмысын, рухани ізденісін, тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгерткен үлкен сындар мен тарихи бұрылыстар дәуірі.**

Қазақ халқының тәуелсіздікке дейінгі жолы мейірімсіз сынақтарға толы болды. XVIII–XIX ғасырлардағы отарлау саясаты қазақ даласының саяси дербестігін жойып, жерінен, дәстүрлі басқару жүйесінен, тілінен айыруға бағытталды.

XX ғасыр қазақ үшін бұрын-соңды болмаған ең ауыр кезеңдердің бірі болды: Ұлт-азаттық көтерілістер бірінен соң бірі жалғасып, бірақ басып-жаншылды; 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қанмен басылды; 1921–22, 1931–33 жылдардағы ашаршылық миллиондаған қазақтың өмірін жалмады; 1937–38 жылдардағы саяси қуғын-сүргін қазақ зиялыларының ең озық өкілдерін құрбан етті; Екінші дүниежүзілік соғыста ел жігіттерінің жартысына жуығы майданнан қайтпады; Семей ядролық полигонының зардабы бірнеше ұрпақ денсаулығына әсер етті; 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы — қазақ жастарының ұлттық намысын

қорғап шыққан ерекше ерлік белесі болды.

1980 жылдардың соңында Кеңес Одағының экономикалық жүйесі күйрей бастағанда, Қазақстан да терең дағдарысты сезінді. Халықтың тұрмыс-тіршілігі күрт төмендеді.

Бұл кезеңде халық өз болашағына алаңдап, елдің тағдыры не боларына сенімсіздікпен қарады. Дегенмен дәл осы уақыт қазақ халқының шынайы қайсарлығын, бірлігін, төзімін айқындады.

Халықтың ішкі жан дүниесінде бір ғана үміт оты жанып тұрды — өз тағдырын өзі айқындайтын тәуелсіз мемлекет құру. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңы қабылданғанда, миллиондаған адамның жүрегінде бұрын-соңды болмаған қуаныш, мақтаныш, толқу сезімі пайда болды. Бұл күн — ұлттың рухани жаңғыруының символына айналды. Халық: -өз жерінің иесі болатынына, -тілі мен мәдениеті жаңғыратынына, -ертеңгі ұрпақ тәуелсіз мемлекетте өмір сүретініне, -ұлттық дәстүр қайта түлейтініне, -өз тарихын жаңаша жазатынына үлкен сеніммен қарады. Тәуелсіздік — қазақ халқының сан ғасырлық арманын ақтаған ерекше мүмкіндік еді.

**Р.ТУРГАНБАЕВА,**

**"Бірлік орта мектебі МДШО" КММ-нің тарих пәні мұғалімі.**

# Туған жерден тамырын үзбеген

Өркімнің туған жері Мысыр шаһары дегенді кім айтса да дөп түскен. Оның есеюінің есті жылдарының сан алуан жылғасы жасыра алмайтын, жүрек түкпірінен мәңгіге орын тепкен балалығының базарлы шағы Сарқан ауданының Шатырбай ауылында өтті. Жетісудың шұрайлы өңіріне сырттан келіп қоныстанған қарашекпенділер бұл елді мекенді "Веселое" деп атап кетіпті. Тәуелсіздігімізді алып, етек - жеңімізді жинағаннан кейін тарихи атауын алған тау қойнауындағы өзендер өрнектеген ғажайып мекенде өмір есігін қақты, осында кіндігінің қаны тамды. Сегіз жылдық мектептен соң Көксу ауылшаруашылық техникумында оқыды. Каникулға келгенде әкесінің ауыр еңбегін жеңілдету мақсатында комбайн штурвалына отыратын. Техникум қабырғасында жүріп бала күннен арманы болған спортқа біржолата берілді. Қазақ күресі, самбо, дзюдоның жілігін шағып, спорт шебері атанды. Осы салада жоғары білім алып, Қазақ денешынықтыру институтын бітірді.

Әкесі майдангер, "Ерлігі үшін" медалінің, екінші дәрежелі "Отан соғысы", "Құрмет белгісі", "Ленин" ордендерінің иегері Төлеубек Орысбайұлы осыдан он жыл бұрын 91 - ге қараған жасында дүниеден озды. Жайдары қабағы үлкен үйге шуақ шашатын Несібелі ананың адал сүтімен, ақжарма пейілімен ер жетті. Он баланың үлкені ретінде кейінгі бауырларына үлгі болды. Спортта жетістіктерге жетті, облыс аумағында жауапты қызметтер атқарды, туған ауданын абыройлы басқарып, қалың көптің ықыласына бөленді. Бауырлары Сәрсенбек, Сайлаубек, Тынысбек, Ерболат, Айнагүл, Қыдырбек, Маржангүл, Жанаргүл, Кенжебектердің отбасының қай - қайсысының да ағасы үшін орны бөлек, әрине.

Бұған дейін жақсы атын естіп жүрген Тұратбек ағамызды алғашында облыстық спорт басқармасын басқарып жүрген кезінде жаңа ғасырдың бастауында көрдім. Шатырбайлық азаматтар Қалимолда Тұрғанбаев, Мұрат Урымханов үшеуі туған ауылындағы орта мектепке демеушілік көмек көрсетуге келіпті. Мектеп кабинеттері, спорт залы осы сапарда жаңа жабдықтармен толықты. Оқушылармен кездесуде мектептің табысты түлектері ақжарылып әңгіме айтты, таудай талап арқалаған жеткіншектерге ақ жол тіледі. Жеке-леген үздік спортшылар марапатталып, төбелері көкке жеткендей болды. Сол күні облыс орталығынан келген меймандармен бірге Тұратбек Төлеубекұлының қара шаңырағында болдым. Майдангер әкемізбен тілдестім, мейірбан анамыздың қолынан дәм таттым, бауырларымен дидарластым.

Төлеубек әкемізді тағдырдың өзі от пен суға салыпты. Рухы сынбапты, сын - сынақтан өтіпті. 1942 жылы он сегізге толар - толмастан майданға аттанды. Әскери теңізші болды. Жеңістен соң Қиыр Шығысқа қарай сапар шегіп, Амур майданында Жапон самурайларына қарсы соғысты. Осылайша 1950 жылға дейін азаматтық борышын атқарып, ауылға оралған соң еңбек майданына атсалысты. Техника тізгінін ұстады, тракторды шыр айналдырды, комбайнды еркін меңгерді. Еңбектегі ерлігі үшін ең жоғарғы марапаттарға ие болды. Тұратай осындай батыр әкенің жалғасы. Осы кездесуден кейін араға он шақты жыл салып Сарқан ауданының әкімі болып тағайындалды. Бастапқыда көпшілік көкейінде "Спорт маманы ауыл шаруашылығы ауданын басқарып кете ала ма?" деген күдік тұрғаны анық. Ол күдігіміз уақыт өте келе сейілді. Бойында базбіреулердікіндей "өзімбілемдік" жоқ. Қай бір істі қолға алса да кеңесіп пішеді

**Халқымыз көпшіліктің көзіне түскеннен гөрі көңілінен шығуды мақсат тұтатын, үндемей жүріп үлкен іс тындыратын азаматтарды қадыр тұтады. Оларға "көсегең көгерсін, жұлдызың жансын, айың оңынан тусын" деп алғысын жаудырып жатады. Осындай алғыс арқалаған, ұлы Абайша айтқанда "Пайда ойламай, ар ойлаған" азаматтардан біздің өңір кенде емес. Солардың бірі - жетпіс жасқа жігерлі жетіп отырған Тұратбек Төлеубекұлы Шарапиев.**



екең. Өз пікірін алға салып "айттым - бітті, кестім - үзілді" демейді. Сондықтан да ауданның сан - салалы жұмыстары оңға басты, экономикалық ахуалы жақсарды, әлеуметтік салалардың да асығы алшы түсе бастады.

Аудан тізгінін ұстағанда да, кейіннен өзінің үйреншікті спорт саласында басшылық қызметтер атқарғанда да Тұратбек Төлеубекұлының туған жеріне деген сезімі салқындап көрген жоқ. Туған ауылдың түтіні тұзу ұшса екең деп, Шатырбайдың шырағы жарығырақ болса деп жарғақ құлағы жастыққа тимейді.

- Туған жердің тартылыс күшінің құдыретін Тұратайдың Шатырбай ауылына деген қамқорлығынан көруге болады, - дейді ардагер ұстаз Балтабек Смайлханов, - Мен мектепте директор болған жылдары жерлесіміздің мырза пейіліне талай рет куә болдық. Мектеп шәкірттерін небір спорт саңлақтарымен, әлем чемпиондарымен жүздестірді. Бірде әлем чемпионы Серік Сапиевпен кездесу ұйымдастырып, жастарды болашаққа ынталандырды. Майдангер әкесі Төлеубек Орысбайұлы атындағы спорт турнирін жылда Жеңіс күнінде өткізуді дәстүрге айналдырды. Орын алған командалар ақшалай сыйақыға ие болатын. Турнир өткізу ауылдың дамуына жан-жақты әсер етті. Көзінде оты бар талапты жастарды жетелеп, шыңға шығаруды мақсат тұтады ол.

Шатырбайлықтар ауылды ажарландырып тұрған әлеуметтік - мәдени нысандардың бой көтеруін Тұратбек Төлеубекұлының есімімен байланыстырады. Демеушілікпен салынған мешітте, күрделі жөндеуден өткен мектепте, жаңғырған клубта, әкімшілік ғимаратында, үлкенді-кішілі өткелдер мен көпірлерде осынау туған жердің адал перзентінің игі ықпалы бар.

Шатырбай орта мектебінің оқушысы Анель Елдосқызы Жексенбай "Туған жердің туын көтерген тұлға" атты зерттеу еңбегінде ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тұратбек Шарапиевтің еңбек жолын жан-жақты ашып көрсетіпті.

2011-2014 жылдары Тұратбек

Төлеубекұлы Сарқан ауданының әкімі ретінде жергілікті деңгейдегі өзекті мәселелерді шешуге үлес қосты. Аграрлық өңір ретінде ауданның негізгі экономикалық бағытын нығайтуға, шағын және орта бизнесті қолдауға күш салды. Білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының жағдайын жақсартуға, ауылдардың абаттандырылуына және коммуналдық инфрақұрылымның дамуына назар аударды. Бұл аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға тікелей әсер етті. Сол жылдары Қойлық ауылдық дәрігерлік амбулаториясы салынды. Қазыбаев атындағы Қойлық ауылдық мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті. Сарқан қаласындағы Абай атындағы орта мектеп-гимназиясы күрделі жөндеуден кейін адам танымастай өзгерді. Алтынсарин атындағы орта мектеп жөндеуден өтті. Аудан орталығындағы орталық алаң заманауи сипат алды. Мұқан Төлебаевтың 100 жылдығына орай Лепсідегі Мәдениет үйі, мектеп күрделі жөндеуден өтті.

Тұратбек Шарапиевтің Қазақстан спортының дамуына қосқан еңбегі айшықты. Ол ұзақ жылдар бойы облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасын басқарып, өңірдің спорт инфрақұрылымын дамытуға үлес қосты. Жаңа спорт нысандарын салуға, қолда барын жөндеуге және жабдықтауға атсалысты. Бұл жас спортшыларға жақсы жағдай жасауға мүмкіндік берді. Жаңа стадиондардың, спорт кешендерінің, соның ішінде Талдықорғандағы волейбол орталығы сияқты ірі нысандардың салынуына жағдай жасады. Халықаралық және Республикалық деңгейдегі жарыстар өткізуге осындай жаңа нысандар мүмкіндік беріп, өңірдің спорттық абыройын көтерді.

Тұратбек ағамыз басқарған жылдары облыс спортшылары халықаралық және республикалық жарыстарда жоғарғы нәтижелерге жетіп жүрді. Ол спортшыларға жан-жақты қолдау көрсете білді. Нәтижесінде облыс спортшылары республикалық және халықаралық деңгейде жеңістерге

жетіп, жүлделерге ие болды.

Біздің кейіпкеріміздің отбасылық бақыты да баянды. Ел алғысына бөленген Тұратбек пен Ғалия төрт перзентінен өрбіген он тоғыз немеренің қызығына тоймайды. Балаларының тұңғышы Рүстем ауылдағы шаруа қожалығының басшысы, Руслан ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, қыздары Әлия мен Раушан да ата - ана өнегесімен ізгі жолды жалғастыруда. Туған жерден тамырын үзбеген азаматтың алдында әлі де алынбаған асулар бар, жол жалғаса бергей!..

Бізден де өтер уақыт, өтер заман,  
Арманға жеткізбейтін кесел жаман.  
Қартайып барамыз деп  
уайымдаймыз,  
Қарттыққа жандар қанша жете  
алмаған.

Кезінде егделікке жүрген таяп,  
Қарайсың босқа кеткен күндерді аяп.  
Сақал - шаш қудай болды  
деп қынжылдық,  
Өткен көп сақал қойып үлгермей - ақ.

Еңбегің ел жадында елене ме,  
Байыпты басқан ізің көнере ме?  
Жас қалпың ойға түсер қарағанда,  
Өзіңе тартып туған немереңе.

Жалын да жанардағы жоқ бұрынғы,  
Аяйсың айнадағы кескініңді.  
Келесің өз - өзіңді қамшылаумен,  
Тірлікте босқа өткізбей бес күніңді.

Барады ай алмасып, күндер ағып,  
Жыр жаздым қаламымды  
түнге малып.  
Туған жер, туған - туыс, туған елдің,  
Дұғасы желеп - жебеп жүргені анық.

Қашан да ел дегенде жарқын жаны,  
Жетпісте бұл ағамыз жарқылдады.  
Көрсем мен сергек келіп  
сексен жасқа,  
Тоқсанға сыр бермеген тау тұлғаны!..

Жомарт ИГІМАН.

Ағымдағы жылдың 17-18 қараша күндері №1 мектеп гимназия базасында пән мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиаданың аудандық кезеңі өткен болатын.

Мұғалімдердің пән бойынша кәсіби құзыреттілігін, теориялық және практикалық білімдерін тереңдету, талантты педагогтерді анықтап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандыруды мақсат тұтқан аталмыш олимпиадаға жалпы 10 пән бойынша 201 педагог қатысты. Қазылар алқасының қорытынды хаттамасы негізінде 77 педагог жүлдегер атанды.

Жуырда Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде осынау олимпиада жүлдегерлері марапатталды. Өз саласының үздігін анықтауда айрықша рөл атқарған олимпиада нәтижесінде өз ісінің майталмандары анықталып, әріптестерінің алдында мерейі өсіп, марапат көрді.

Жеңімпаз ұстаздар қауымын салтанатты түрде Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байгунусов құттықтап, облыстық пән Олимпиадасының жүлдегерлері мен аудандық пән Олимпиадасының I орын иегерлерін сахна төрінде марапаттады.

Кәсіби шеберліктерін тағы бір мәрте мойындатып, жүлделі II және III орын иегерлері атанған мұғалімдерді «Білім және ғылым қызметкерлерінің Сарқан аудандық кәсіподақ төрағасы» Ермек Алинов, аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Серікбаева марапаттап, сый-сияпат ұсынды.

Шара барысында аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Серікбаева сөз алып, білім мен білік сынаға түскен аталмыш олимпиаданың қорытындысын ортаға салды.

«Олимпиада — бұл жай ғана жарыс емес. Бұл — үздік тәжірибе алмасу, өз

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



мүмкіндігінді сынау, әрі болашаққа тың серпін беру алаңы. Бұл — сіздердің еңбектеріңіздің, ізденістеріңіздің, адалдықтарыңыздың нәтижесі, - деген Гүлнар Мұратқызы сондай-ақ орын алған кемшіліктерді де атап өтті. Аудандық білім бөлімінің басшысының айтуынша Олимпиада қорытындысында Н.Островский, Екіаша, Абай, Ақын Сара, М.Жұмабаев, № 1 мектеп-гимназиясының қатысу көрсеткіштері жоғары болса, керісінше К.Ушинский, Ерікті, Жетісу, Аманбөктер мектептерінің қатысу көрсеткіштері төмен болған. Өкінішке орай, К.Қазыбаев ат.ОМ (8 педагог) пен Аманбөктер (2 педагог) негізгі мектептерінен қатысқан бірде бір педагог нәтиже көрсете алмаған.

Ал облыстық кезеңге қатысқан 10 мұғалімнің 6-уы жүлделі орындарға ие болған. Олар I орын — Алмалы орта мектебі физика пәнінің мұғалімі Серікжан Иманжанов, II орын — Черкасск



орта мектебі орыс тілі пәнінің мұғалімі Ташгуль Сагимова және К.Ушинский атындағы орта мектебі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Анастасия Титкова, III орын — Абай атындағы мектеп - гимназия информатика пәнінің мұғалімі Елшат Мыңбай мен тарих пәнінің мұғалімі

Жанар Иманхатова және Екіаша орта мектебі биология пәнінің мұғалімі Асель Ибраева.

Мұғалім мерейі тасыған жиын мерекелік концерттік бағдарламамен түйінделді.

**Партия ЖЕҢІСХАНҰЛЫ.**

## БІРҚАТАР КЕМШІЛІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Соңғы кездері елімізде балалардың тамақтану мәселесі өзектеніп түсті. Асханаларда балаларға берілетін тағамдардың ішінен түрлі заттар шығып, ас-ауқат даярланатын жерлердің тазалығы күмән тудыратын жайттар көбейді. Бұның барлығы өз кезегінде ата-аналардың, жалпы қоғамның наразылығын тудырып, мәселе ушыға түсті. Нәтижесінде атқарушы билік қоғамның орындары талабын ескеріп, жергілікті жерлерде қоғамдық бақылау штабы құрылып, тиісті топтар білім беру ұйымдарының, мектепшілік шағын орталықтардың, балабақшалардың асханаларын жіті тексеріп, талапқа сайлығына ерекше мән берілді.

Сарқан ауданында да қоғамдық бақылау штабы құрылып, құрамына 7 адам, оның ішіне аудандық мәслихаттың депутаттары, кәсіпкерлер кеңесінің төрайымы, білім беру саласы кәсіподақ төрағасы - Қоғамдық кеңестің мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы, білім бөлімінің басшысы енгізілген болатын.

Аудан бойынша аталмыш жұмысшы топ ағымдағы жылдың 13-22 қазан аралығында 26 мектеп пен 6 балабақшаны аралап, асханалардың жай-күйіне, оқушыларды тасымалдайтын көліктердің талапқа сайлығына, сұйық отынның мөлшеріне тиісті мониторинг жүргізді. Мониторинг барысында бірқатар кемшіліктер

анықталып, оларды жедел түрде жою бойынша тиісті нұсқамалар берілді. Ендеше орын алған олқылықтарды ортаға салсақ. Көкөзек, Ақтұма орта мектептерінде дабыл түймелері жұмыс істемейді. Мониторинг барысында реттелді. Екіаша, Аманбөктер, Ақтұма, М.Төлебаев, Ерікті, К.Ушинский, Тасарық, М.Маметова атындағы орта мектептерінде ішінара бейнебақылау камералары істен шыққан. Аталған мектептерден білім беру бөліміне тиісті ұсыныстар берілген. Қаржыландыру мәселесі білім бөлімі тарапынан шешілуде. Екіаша, М.Төлебаев атындағы орта мектептері оперативті басқару орталықтарына (ЦОУ-ға) қосылмаған

болып шықты. Мониторинг барысында қосылды. Ақтұма, Аманбөктер орта мектебінің өрт сөндіру құралдарының жарамдылық уақыты өтіп кеткен. Мектептерден білім беру бөліміне тиісті ұсыныстар берілген. Қаржыландыру мәселесі шешілу үстінде. Тополевка, Теректі, Ушинский, әл-Фараби, Черкасск, Бірлік, Тасарық, Ақтұма орта мектептерінде және Ертістік балабақшасының тамақ өнімдерінің сәйкестік құжаттарының (сертификат) уақыты өтіп кеткені, Теректі, Аманбөктер орта мектептерінде мал етінің ветеринарлық анықтамалары болмағаны анықталып, мониторинг барысында ретке келтірілді. Оқушыларды тасымалдау ұйымдастырылатын М.Төлебаев, К.Қазыбаев, М.Тынышбаев, әл-Фараби атындағы орта мектептерінің автобустарының сақтандыру құжаттарының уақыты өтіп кеткендігі анықталып, аталмыш шара барысында кемшіліктер жөнделді. Черкасск орта мектебінің балаларын тасымалдауға арналған жаңа автобус Ескелді ауданындағы Шымыр орта мектебіне рәсімделіп кеткен. Білім бөлімі қайта рәсімдеу үшін тапсырыс беріп қойған, алайда облыс әкімінің қаулысы әлі дайын болмауына байланысты оқушыларды бұрынғы автобуспен тасып жүр, ал оның сақтандыру құжатының мерзімі өткен болып шықты.



Мектеп оқушыларын тасымалдау ұйымдастырылған М.Төлебаев атындағы орта мектебіне тексеріс барысында топ мүшелерінің назарына автобустың гараж салу қажеттігі барлығы жеткізілді. Өйткені шалғай жатқан елді мекеннің қытымыр

қысында қоғамдық көлікті оталдыру қиындық туғызатын көрінеді. Жауапты мекемелер тиісті шараларды қабылдайды деген үміттеміз. Сондай-ақ Қарауылтөбе, Тасарық орта мектептерінің асханаларында санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болмады. Мониторинг барысында анықталған кемшіліктер ретке келтірілді. Ақын Сара, М.Тынышбаев атындағы орта мектептерінің асханасында ыдыстарды жууға арналған ванналар 3 секциялы, әл-Фараби атындағы орта мектебінде, «Балдәурен» бала бақшасында 2 секциялы, ал М.Маметова атындағы орта мектебінде 1 секциялы екендігі анықталды. Талап бойынша аталмыш ванналар 4 секциялы болу қажеттігі ескертілді. Алмалы орта мектебінде интернет сапасы нашар. 2 қабаттына су көтерілмейді, электр жарығы кернеуінің төмендігі ас дайындауда қиындықтар туғызуда екен. Сондай-ақ мектепке айналасын қоршау қажеттігі ескертілді. Қосымша бейнебақылау камераларын, шағын орталыққа вентиляция орнату керектігі айтылды. Бірлік орта мектебінде бірқатар шытынаған терезелер ауыстыруды қажет етеді. №54 орта мектептің асханасы жер төлесінде орналасқан, тарлау. Ал Ақтұма орта мектебінде тамақ сапасына мониторинг актілері жасалмаған, педагогикалық кеңесте қаралмаған, тиісті комиссиясының бұйрығы жоқ. Аманбөктер орта мектебінде ыстық су жоқ, жылыту құралы бойлер істен шыққан.

Арнайы іс-шара барысында топ мүшелерімен анықталған көптеген кемшіліктер реттеліп, талапқа сай келтірілді. «Бала болашағымыз, еліміздің келешегі жас буынға байланысты» деген әдемі сөздерді жиі айтамыз. Жоғарыда айтылған кемшіліктер сөзіміз бен ісіміздің қабыспайтындығын дәлелдей-тіндей. Келешегіміз кемел болсын десек, балаларымыздың білім алатын, тәрбие көретін мектептер мен бала бақшалар тиісті талапқа сай болуы аса маңызды.

**П. ЖЕҢІСХАН.**

# Ұлттық құндылықтың сабақ үргісінде қолданылуы

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – ұлттық болмысты сақтай отырып, заманауи біліммен қаруланған жан-жақты тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жетуде оқу-тәрбие үдерісіне ұлттық құндылықтарды кіріктіру – оқушының рухани-адамгершілік, мәдени-эстетикалық, танымдық дамуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі. Сабақ барысында ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық ойындарды және халқымыздың тарихи-мәдени ерекшеліктерін тиімді қолдану – оқушының өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық бірегейлігін қалыптастырады.

Ұлттық салт-дәстүр – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тәрбиелік мектебі. Сабақ үдерісінде салт-дәстүрлерді қолдану оқушыны әдептілікке, ізгілікке, үлкенді құрметтеуге, жауапкершілікке баулиды.

Мысалы: «Бата беру» дәстүрін әдебиет, өзін-өзі тану сабақтарында пайдалану арқылы оқушылардың сөз мәдениетін, шешендік дағдысын дамытуға болады.

Тұсаукесер, «Шашу» сияқты салттарды бастауыш сыныптағы дүниетану сабақтарында халықтың тәрбиелік тәжірибесімен байланыстыру оқушыларға мәдени кодты түсіндіруге көмектеседі. Тарих сабақтарында әдет-ғұрыптардың

шығу тарихын, олардың әлеуметтік мәнін талдау оқушылардың тарихи санасын қалыптастырады.

Мұндай әдіс сабақтың мазмұнын байытып қана қоймай, оқушының рухани жан дүниесін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ұлттық ойындар – оқушылардың ойлау, ептілік, тапқырлық, ұйымшылдық қасиеттерін дамытатын ерекше құрал. Сабақ барысында ойындарды білімді бекіту, логикалық ойлауды дамыту және сергіту ретінде қолдануға болады.

«Тоғызқұмалақ» – логикалық ойлауды, математикалық операцияларды меңгертуде тиімді. Математика сабақтарында стратегия құру, ойша есептеу дағдыларын дамытуға жақсы тәсіл.

Асық ату – дәлдік, шапшаңдық, үйлесімділік қабілеттерін дамытса, бастауыш сыныптағы сандық ұғымдарды, есептеу амалдарын бекітуге қолданылады.

Ақсерек-көксерек, Арқан тартыс – дене шынықтыру сабақтарында топтық жұмыс, ұйымшылдық, бәсекелестік мәдениетін қалыптастырады.

Ұлттық ойындарды қолдану сабақтың эмоционалдық реңкін көтеріп, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Қазақ халқының дүниетанымы, даналығы, тұрмыс-тіршілігі, тілдік байлығы – оқушылар үшін сарқылмас

танымдық ресурс. Ұлттық мазмұнды сабаққа енгізу арқылы: 1.Оқушы тілдің терең мәнін, тұрақты тіркестер, мақал-мәтел, шешендік сөздердің тәрбиелік маңызын түсінеді. 2.Тарихи әңгімелер, аңыздар арқылы елжандылық, ерлік, адамгершілік ұғымдары қалыптасады. 3.Фольклорлық мұралар мен өнер үлгілері оқушының эстетикалық талғамын дамытады. 4.Дәстүрлі шаруашылық түрлері туралы мәліметтер оқушылардың экологиялық санасын, табиғатқа деген жауапкершілігін арттырады.

Бұл тұстар оқушының ұлттық дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Ұлттық мазмұнды сабаққа енгізуде келесі әдіс-тәсілдер тиімді болып табылады:

**1. Интеграция әдісі.** Пән мазмұнын ұлттық тақырыптармен байланыстыру: Математикада – қазақтың есептері, өлшем бірліктері (қадам, қарыс, сүйем). Географияда – қазақ даласындағы табиғи аймақтар мен көшпелі өмір. Әдебиетте – жыраулар поэзиясындағы тәрбиелік ойлар.

**2. Жобалық әдіс.** Оқушыларға ұлттық құндылықтарға қатысты жобалар ұсыну: “Менің отбасымның дәстүрлері”, “Ұмыт қалған ұлттық ойын”, “Қазақтың ұлттық

тағамдары”.

Бұл әдіс зерттеушілік дағдыны дамытады.

**3. Рөлдік ойын және жағдаяттық әдіс.** Салт-дәстүрге негізделген жағдаяттарды сахналау: - Бата беру көрінісі, - Қыз ұзату рәсімін таныстыру: - Би-шешендердің сөз сайысын сомдау. Оқушылар шығармашылық қабілетін дамытады.

**4. Тілдік-шығармашылық әдістер** Мақал-мәтел құрастыру, шешендік сөздерді талдау, эссе жазу арқылы ұлттық сөз өнерін меңгерту.

**5. Дидактикалық ұлттық материалдарды қолдану**

Карталар, суреттер, ұлттық киім үлгілері, аспаптар, қолөнер бұйымдары арқылы сабақтың көрнекілігін арттыру. Ұлттық құндылықтарды сабақ үдерісіне енгізу – жас ұрпақтың өз халқының мәдениетін құрметтейтін, ұлттық болмысын сақтайтын, заманауи біліммен қаруланған тұлға болып қалыптасуының маңызды алғышарты. Ұлттық салт-дәстүр, ойындар, тарихи-мәдени деректер мен тәрбиелік-танымдық мазмұнды тиімді пайдалану арқылы мұғалім оқушыларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, рухани биіктікке баулиды. Бұл – ұлттық мектептің басты миссиясы әрі болашаққа жол салатын құндылықты қадам.

М.СЕРҒАЗЫ,

Бірлік орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КОДЫ



Қазақ халқының салт-дәстүрі – ғасырлар бойы қалыптасқан, ұлттың болмысын, дүниетанымын айқындайтын құндылықтар жүйесі. Бүгінгі заманда технология дамып, қоғам жаһанданып жатса да, ұлттық дәстүрлердің мәні мен маңызы кеміген жоқ, керісінше, тәрбие құралы ретінде өзектілігі артып келеді.

Мысалы, үлкенді құрметтеу, жеті атаны білу, сәлем беру, қонақ күту – мұның бәрі қазақ қоғамында әлі күнге дейін сақталып келеді. Қазіргі жастар арасында да «тұсау кесу», «бешар», «наурыз көже» сияқты дәстүрлер жаңаша сипат алып, ұлттық жаңғырумен үндесіп отыр.

Бүгінгі күні мектептерде, балабақшаларда ұлттық тәрбиеге негізделген сабақтар өткізіліп, қазақы болмысқа баулу жұмыстары жанданып келеді.

Бұл — болашақ ұрпақтың ұлттық тамырынан ажырамауына жол ашады.

Сондықтан әрбір қазақ азаматы үшін дәстүр – өткеннің сарқыншағы емес, болашаққа бағыт берер темірқазық болуы тиіс.

Г.ТУМЕНБАЕВА,  
Бірлік орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі.

## Психологиялық дамуында тежелуі бар балалардың таным процестерін дамыту

Қазақстан БҰҰ «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенцияға 2008 жылы қол қойды. Осы құжаттың жиырма төртінші бабында азаматтардың білім алуға құқығын іске асыру мақсатында қатысушы мемлекеттер инклюзивті білім беруді дамыту міндеттелген.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балалар арасына айырмашылық қоятын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзету - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Оқу-тәрбие процесіндегі қиындықтар әртүрлі себеп-салдардан болады. Соның бірі - түрлі болмыстағы «психикалық дамудың тежелуі» (ПДТ). Ол психикалық ауытқушылықтардың кең тараған түрі.

Психикалық дамудағы тежелу – бұл тұқымқуалаушылық, әлеуметтік және психологиялық факторлар әсерінен қалыптасатын жеке психикалық және психомоторлы функциялардың немесе тұтас психиканың тежелуі сипатындағы бала психикасы дамуының ерекше түрі.

Осы орайда педагог-психолог Бораншина Айнуր Батырбековнаның 2022 жылы облыстық әдістемелік кабинеттің сараптамалық комиссиясымен бекітілген «психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың танымдық процестерін түзету-

дамыту» авторлық бағдарламасы нәтижелі жұмыс көрсетуде.

Ұсынылып отырған тәжірибенің мақсаты: Психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың оқу процесіндегі қиыншылықтарын анықтау, танымдық процесстерін түзету және дамыту арқылы әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Міндеті: Психологиялық дамуында тежелуі бар балалардың оқу-тәрбие процесінде үлгермеушілігінің себептерін анықтау; олардың танымдық процесстерінің даму деңгейін зерттеу; дамуындағы ауытқушылықтарды түзету және дамыту.

Бағдарлама үш кезеңнен тұрады:

**1. Оқу процесіндегі қиыншылықтарды анықтау.** Мұнда педагог оқушының оқу процесінде үлгермеушілігінің сипатын анықтау мақсатында сауалнама толтырады, негізгі шағымдарын ұсынады, қиыншылықтардың ерекшелігін, баланың күшті және әлсіз жақтарын көрсетеді. Ал психолог мәселенің психологиялық себептерін болжайды, ауытқушылықтардың даму аймағын, мәселенің спецификасын анықтау мақсатында психодиагностикалық әдістер жинақтайды.

**2.Психодиагностикалық жұмыс.** Бұл жерде қандай да бір психикалық құбылыстың себептерін анықтау мақсатында түрлі әдістерді ұштастырған жөн: мысалы, жоғары формальді (тесттер) және төменгі формальді (бақылау, әңгіме, проективті) әдістер қолданылады.

**3. Психокоррекциялық жұмыс.** Қамтылған коррекциялық әдістер психикалық процесстердің қандай да бір жеке типіне ғана емес, жалпы эмоционалды сфера, есте сақтау, зейін, қиял, тұлға аралық қатынас және т.б. бағытталған.

Авторлық бағдарлама маз-

мұны әлемдік классик психолог ғалымдардың ұсынған әдістемелерінен тұрады, яғни ғылыми негізделген методологиямен қамтамасыз етілген. Мысалы, зейін шоғырлануы, тұрақтылығы, психомоторлы темп, тұлғаның жұмысқа қабілеттілігінің сипаты Тулуз-Пьеронның тестімен анықталса, зейін көлемі және әрекет темпі, зейін тұрақтылығы, шоғырлануы, өзіндік әрекетін басқару қабілетінің қалыптасуын анықтауда Пьерон – Рузер әдісі қолданылады. Қысқа мерзімді есте сақтаудың көлемі, есте сақтаудың нәтижелілігі, ұзақ мерзімді есте сақтау А.Р.Лурияның қысқа мерзімді есте сақтауды анықтау әдісімен жүзеге асырылады.

Бағдарлама 3 жылдық апроба-циядан өтіп, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында өткен «Дарынды балаға – талантты ұстаз» - Халықаралық педагогикалық олимпиадада тәжірибе алмасып, жүлделі 2-орынға ие болды.

Аталған жұмыспен 2 жыл жұмыс жүргізу нәтижесінде «Церебральді-органикалық генездегі психологиялық дамудың тежелуі, сөйлеудің жалпы дамуы» диагнозындағы Лариса П. «Үшарал қаласының №4 ОПМПК» КММ тіркеуінен алынды.

Инклюзивті білім берудің сапасын арттыру – әрбір баланың қабілеті мен ерекшелігіне қарамастан, толыққанды білім алуы мен қоғамға еркін кірігуіне жол ашатын маңызды қадам. Бала – біздің болашағымыз, олардың салауаттылығы мен сапалы білім алып, тұлға ретінде қалыптасуы – заманауи білім берудің басты мақсаты.

А.БОРАНШИНА,  
«Бірлік орта мектебі МДШО»  
КММ педагог-психологы.

## Жаңа жыл қарсаңында шыршаны қорғау жұмыстары

"Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" 2025 жылдың 20 қараша №27-03/307-н/қ бұйрығына сәйкес жаңа жыл алдындағы кезеңінде қылқан жапырақты ағаш тұқымдыларының жас талдарын қорғауды күшейту жұмыстары күшейтілуде.

Осы кездері ағаштарды, шыршаларды заңсыз кесу фактілері көбейеді. Парк аумағында 01 желтоқсан айынан бастап қылқанжапырақты ағаштарды қорғау мақсатында бекітілген кестеге сәйкес, мемлекеттік инспекторлар күзету іс-шараларын күшейтті. Бақылау бекетінен өткен автокөліктер тоқтатылып қатаң тексеріледі. Орман алқаптарындағы қылқан жапырақты заңсыз кесуге жол бермеуге қатысты халық арасында ескерту шараларын, сұхбат, мектептермен дәріс сабақтарын жүйелі түрде жүргізеді. Жаңа

Парк қызметкерлері ішкі істер қызметкерлерімен бірігіп жорық жұмыстарын атқарады, жорық барысында қылқанжапырақты кесуге жол бермеуге байланысты жұмыстар жүргізіледі. БӨП-тің жан-жағы қардан тазартылып күзет жұмыстары жүргізілуде.

Қылқанжапырақты ағаштардың жас талдарын заңсыз кескені үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық" туралы ҚР Кодексінің 381-3-бабына және ҚР "Қылмыстық Кодексінің" 340 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Суыққа төзімді шырша таулы аймақта өседі. Ауаны ерекше тазартатын шырша баяу өсетін қылқанжапырақ. Оған үнемі күтім жасау қажет. Сондықтан бір күндік қызық үшін шырша кесуден бас тартып есік алдында осы жасыл желекті отырғызса игі іс болар еді. Алакөл филиалы аудан тұрғындарына үндеу жасайды. Заң бұзып қылқан-жапырақты ағашты кеспей келешек ұрпаққа сақтап қалайық.

**Аят АРМАН,**  
**"Жоңғар-Алатау" МҰТП РММ**  
**Алакөл филиалының орман қорғау инженері.**

## Қылқан жапырақтылар - табиғаттың әсем ғажайыбы

Қылқан жапырақты ормандар – табиғаттың қайталанбас көркі, экожүйенің тепе-теңдігін сақтайтын маңызды бөлігі. Қысы-жазы жасыл күйін жоғалтпайтын қылқан жапырақтылар өз табиғилығымен, төзімділігімен және ұзақ өміршеңдігі мен ерекшеленеді. Олар ауаны тазартып, топырақты эрозиядан қорғайды, жан-жануарға мекен болып, орман ландшафтына ерекше сән береді

Ұлттық парк аумағындағы шырша, самырсын сияқты қылқан жапырақты ағаштар – орман байлығының ажырамас бөлігі. Табиғаттың әсем ғажайыбы саналатын бұл ағаштар қоршаған ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, адамға да эстетикалық тыныштық сыйлайды.

Қылқан жапырақтыларды қорғау – болашақ ұрпаққа жасыл дүниені аманаттау. Сондықтан ұлттық парк қызметкерлері заңсыз кесудің алдын алу, жас талдарды сақтау және табиғи жаңаруды қамтамасыз ету бағытында тұрақты жұмыстар жүргізеді.

**А.ТУРЫСБЕКОВ,**  
**«Жоңғар Алатауы МҰТП»РММ**  
**Алакөл филиалы Көкжар орманшылығының мемлекеттік инспекторы.**

## Парақорлық әділеттілік болмаған жерде басым болады

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқаруға, экономикалық дамуға және азаматтардың сеніміне айтарлықтай зиян келтіре алатын ең өзекті қауіптердің бірі болып қала береді. Қоғам үшін де, бүкіл ел үшін де сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы принципалды күрес — басым бағыт. Бүгінде заңбұзушылық фактілерін ғана анықтап, тоқтату жеткіліксіз, сондай-ақ барлық деңгейде заңдылық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру маңызды. Кез келген сыбайлас жемқорлық әрекет әділдік қағидаттарын бұзады, азаматтардың құқықтарын шектейді және адал әрі тең мүмкіндіктерге жол бермейді. Сыбайлас жемқорлық тұрақтылыққа нұқсан келтіреді, мемлекеттік қызметтердің сапасын төмендетеді және қоғамда сенімсіздік тудырады. Сондықтан мемлекеттік аппарат оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілікті көрсетуі тиіс.

Маңыздысы — сыбайлас жемқорлықпен күрес — ортақ міндет. Ол тек әкімшілік шараларды ғана емес, сондай-ақ азаматтардың құқықтық санасының жоғары деңгейін талап етеді. Заңға жауапкершілікпен қарау, бейресми тәжірибелерден бас тарту, ашық және адал қарым-қатынас ережелерін сақтау — мұның бәрі тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны нығайтуға ықпал етеді. Антикоррупциялық

мәдениетті қалыптастыру азаматтардың белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Әрбір қала тұрғыны қоғам алдындағы жеке жауапкершілігін сезініп, күнделікті өмірде заңдылық қағидаттарын ұстануы қажет. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамау — қоғамдық мінез-құлықтың қалыпты нормасына айналуы тиіс.

Біз өсіп келе жатқан ұрпақта сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті тәрбиелеуіміз керек, жастарға адал еңбек пен қоғам алдындағы жауапкершіліктің жоғары құндылығын түсіндіруіміз қажет. Тек сонда ғана ұзақмерзімді нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Мемлекет пен қоғамның бірлескен күш-жігерінің арқасында еліміз сенім, әділдік және тең мүмкіндіктер атмосферасын қалыптастыра алатынымызға сенімдімін. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты принципалдылық — бұл заң талабы ғана емес, қоғамның тиімді дамуының негізі.

Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру шеңберінде ел ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған жүйелі әрі дәйекті жұмыс жүргізілуде, оған келесі басымдықтар кіреді:

Заң нормаларын қатаң сақтау. Мемлекеттік қызметкерлер қабылдайтын барлық шешімдер заң талаптарына ғана негізделуі тиіс, ешқандай екіұдай

## Шырша – орман байлығы

Ұлттық парк аумағындағы шырша алқаптары – табиғаттың ерекше көркі мен құнды байлығы. Шырша орманы экожүйенің тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Ол топырақты эрозиядан қорғайды, ауаны тазартып, оттегімен байытады, көптеген жануарлар мен құстарға мекен болады.

Шырша – қысы-жазы жасыл, төзімді әрі өміршең ағаш. Оның тығыз тоғайлары тау беткейлерін бекітіп, табиғи ландшафттың әсемдігін арттырады. Ұлттық парк қызметкерлері шырша алқаптарын қорғау, зиянкестерден сақтау, табиғи жаңаруын қамтамасыз ету бағытында тұрақты жұмыстар жүргізеді.

Орман – халқымыздың аманаты, табиғаттың сарқылмас қазынасы. Шыршаны сақтау – болашақ ұрпаққа таза ауа мен көркем табиғат сыйлау.

**А.МУРЗАГЕЛЬДИНОВ,**  
**«Жоңғар Алатауы МҰТП»РММ Алакөл филиалы**  
**Көкжар орманшылығының мемлекеттік инспекторы.**

## Қылқан жапырақты шыршалар

Қылқан жапырақты шыршалар – табиғаттағы ең көрікті әрі ерекше өсімдіктердің бірі. Олар жылдың төрт мезгілінде де жапырағын түсірмей, жасыл күйін сақтап тұратын мәңгі жасыл ағаштар санатына жатады. Шыршалар тек орманға көрік беріп қоймай, ауа тазартуда, табиғи тепе-теңдікті сақтауда, топырақты қорғауда үлкен рөл атқарады. Қазақстан аумағында шыршаның бірнеше түрі кездеседі және олардың барлығы экожүйенің маңызды бөлшегі болып табылады.

Шырша – тік өсетін, биік ағаш. Оның діңі түзу, қабығы сұр немесе қоңыр түсті. Жапырағы – ине тәрізді қылқан, олар қатты әрі үшкір келеді. Бұл қылқандар 5–7 жыл бойы түсіп кетпей, ағашта сақталады. Сондықтан шырша ағашы үнемі жасыл болып көрінеді. Бұл – оны басқа жапырақты ағаштардан ерекшелендіретін басты белгі. Шыршалар көбінесе тұқым (бұр) арқылы көбейеді. Ұзынша келген қоңыр түсті бұрлар ағаштың ұшар басында орналасады. Олар піскен соң ашылып, ішіндегі тұқымдар желмен тарайды. Шырша баяу өсетін ағаш болса да, ұзақ жыл өмір сүреді – 200 жылдан астам жасайтын түрлері бар.

Қылқан жапырақты шыршалар — табиғаттың байлығы мен көркі. Олар экологиялық тепе-теңдікті сақтау мен табиғатты көркейтуге үлкен үлес қосады. Шырша ормандарын қорғау, ағаштарды бейберекет кесуге жол бермеу – қоршаған ортаны сақтаудың маңызды бөлігі. Табиғатты сүю – болашаққа деген жауапкершілік. Сондықтан әр адам шырша секілді табиғи байлықтарды көздің қарашығындай сақтауы тиіс. Қазақстанда шыршалар негізінен Алтай, Іле Алатауы, Жоңғар Алатауы секілді таулы өңірлерде өседі. Бұл ағаштар ылғалды, салқын климатты ұнатады. Шыршалар теңіз деңгейінен 1500–2500 метр биіктікте жиі кездеседі. Олар өздері өсетін ормандарда табиғи фильтр рөлін атқарып, ауаны тазартып, жердің ылғалдығын сақтауға көмектеседі.

Шыршаның табиғаттағы рөлі ерекше: Ауаны тазарту: Көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегі бөледі; Топырақты қорғау: Тамыры жерді бекітіп, эрозиядан сақтайды; Жануарлар мен құстардың мекені: Шырша орманында үкі, бұлан, аю, тиін және түрлі жәндіктер тіршілік етеді; Микроклимат жасау: Шырша ормандары салқын әрі ылғалды ауаны сақтап, қоршаған ортаға қолайлы жағдай туғызады.

Сонымен қатар, шыршаның ағашы құрылыс материалдарына, жиһаз, қағаз жасауға, дәрілік заттар мен эфир майларын өндіруге қолданылады. Шырша шайыры халық медицинасында кеңінен пайдаланылады. Ал Жаңа жыл мерекесінің басты символы — шырша екені баршаға мәлім.

Қылқан жапырақты шыршалар — табиғаттың байлығы мен көркі. Олар табиғи экожүйеде маңызды рөл атқара отырып, адамның өмір сүру ортасын жақсартады. Сондықтан табиғатты қорғау, шыршаларды сақтау – әрбір азаматтың борышы. Болашақ ұрпаққа жасыл орман мен таза табиғат қалдыру – басты міндетіміз.

**Қ.АБДОЛДИНОВ,**  
**"Жоңғар - Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**  
**Алакөл филиалының мемлекеттік инспекторы.**

түсіндірме немесе жеке мүдде болмауы қажет. Әкімшілік процестердің толық мөлдірлігі. Бюджеттік процестер, мемлекеттік ресурстарды бөлу және сатып алулар туралы ақпарат міндетті түрде жариялануы тиіс, бұл — қоғамдық бақылауды қамтамасыз етіп, жасырын схемалардың алдын алады. Басқарудың цифрлық механизмдерін қолдану. Қызметтердің барынша электрондық форматқа көшуі сыбайлас жемқорлық ықтималдығын азайтады және халықтың мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылығын арттыру. Мүдделер қақтығысының алдын алу, қызметтік тәртіпті нығайту және заңбұзушылықтарға «нөл төзімділік» қағидатын қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде оқыту шаралары жүргізіледі. Азаматтармен кері байланысты дамыту. Тұрғындардан келген өтініштер белгіленген тәртіппен қаралады, ықтимал заңбұзушылықтар туралы сигналдар міндетті түрде тексеріледі. Халық пікірі — антикоррупциялық саясаттың тиімділігін бағалауда басты элемент. Антикоррупциялық жұмыс — бұл бір реттік іс емес, жүйелі, мақсатты және принципті іс. Тек мемлекет органдары мен қоғамның бірлескен күш-жігерімен ғана біз мөлдірлікке, әділдікке және жауапкершілікке негізделген ортаны қалыптастыра аламыз.

**Ж.МОЛДАХАН,**  
**Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімінің басшысы.**

## Адалдық – адамгершіліктің белгісі

Адалдық әрқашанда адамның басты моральдық құндылықтарының бірі болып келеді. Қазіргі қоғамда адалдықтың маңызы ерекше, өйткені ол – мемлекет пен азамат, ұжым мен қызметкер арасындағы сенімнің негізі.

Ал сыбайлас жемқорлық, керісінше, осы негізді бұзады. Ол қоғамды әділеттіліктен айырады, сенімсіздік тудырады және елдің дамуын тежейді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың, әрбір қызметкердің міндеті.

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ мекемесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мәселесіне айрықша көңіл бөлінеді. Мекемеде адалдықты нығайтуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылуда:

• ашық кадр саясаты қалыптастырылып, заңсыздыққа жол берілмейді;

• цифрлық сервистер мен автоматтандыру енгізіліп, адами фактор азайтылуда;

• қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту мен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде;

• қоғамдық бақылау мен халықпен өзара әрекет күшейтілуде.

Адалдық – адамгершіліктің белгісі, әділетті қоғамға бастайтын тура жол. Ұлттық парк Жетісудың қайталанбас табиғатын қорғаумен қатар, ашықтық пен әділдіктің үлгісі болуға ұмтылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әрқайсымыздан басталады. Адалдықты өмірлік қағида еткен адамдар саны артқан сайын, қоғам да, табиғат та тазара түспек.

**Ш.ӘКІМЖАН,**  
**«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ заңгері.**

•Халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына – 20 жыл

# ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДА ЕНБЕК ЕТЕМІЗ

**Ж**етісу облысы Халыққа қызмет көрсету орталығының 20 жылдығын атап өтуде. Бұл – үлкен еңбек пен жауапкершіліктің, табандылықтың мерекесі. Осы орайда халыққа қызмет көрсету саласында көп жыл еңбек етіп, мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру жолында өз үлесін қосып келе жатқан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Жетісу облысы бойынша филиалының, Бақылау және Сапа басқармасының басшысы Мүлікбай Айдос Серікұлымен арнайы әңгімелесіп қайттық.

**-Айдос Серікұлы осы екі онжылдық аралығында ХҚКО-да талай өзгерістерге енді, цифрлық сервистерге бейімделіп, халыққа қызмет көрсетудің жаңа деңгейіне өтті. Сол туралы қысқаша айтып берсеңіз.**

-Қазақстанда алғашқы ХҚКО 2005 жылдың аяғында "бір терезе" қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсете бастады. Өңірдегі тұңғыш халыққа қызмет көрсету орталығы Талдықорғанда 2006 жылы ашылды. Кейін біртіндеп аудандарда бөлімдер құрыла бастады. Әуел баста орталық мамандары небәрі 30 қызмет түрін көрсетсе, қазіргі таңда 1300-ден астам мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Нақты уақытта облыс бойынша 10 ХҚКО және 1 МХҚКО бар. 20 жылдың ішінде облыс бойынша 20 миллионға жуық адамға қызмет көрсетілді. Қазір бұрынғыдай түрлі кабинеттерді аралап, құжат жинап, апталап уақыт өткізу қажет емес. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттік қызметтер электронды түрде, бірнеше минут ішінде қолжетімді. Әсіресе, проактивті және

композитті қызметтер азаматтар үшін үлкен жеңілдік әкелді.

Күйбелең тірлікке толы қазіргі заманда Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, жол шығынын немесе уақытыңызды жоғалтудың қажеті жоқ. «ЦОН» мобильді қосымшасын ұялы телефоныңызға жүктеп алып, үйден шықпай-ақ операторлармен бейнеқоңырау арқылы түрлі мемлекеттік қызметтерді ала аласыз. Сонымен қатар, кезекті алдын ала брондау мүмкіндігі де бар. Бұған қоса, «Жеке мейн» жобасы аясында келісімшартқа отырып, қағаз жеткізгіш нысандағы құжаттарды рәсімдеуге тапсырыс беруге болады. Яғни, бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылғаны рас, жеткен жетістіктерге қарамастан, алда бұдан да биік мақсаттар мен міндеттер күтіп тұр.

**-Жаңа, өзіңіз атап кеткен ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған ыңғайлылықтар туралы толығырақ тоқталсақ.**

-Азаматтарға арналған үкімет ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін

мемлекеттік қызметтердің қолжетімді және ыңғайлы болуын қадағалап, осы бағытта барынша жағдай жасап келеді. Қазіргі таңда еліміздегі ХҚКО-ларда пандустар, шақырту тетіктері, тактильді жолдар, брайль тақтайшалары орнатылып, арнайы жеңілдік терезелері жұмыс істеуде. Ал 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар тұлғалар 1414 нөміріне қоңырау шалып немесе gov4c.kz сайтында өтініш қалдырып, қызметкерлерді үйге шақырта алады.

**-Айдос Серікұлы, ХҚКО саласында 16 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан қызметкердің бірісіз. Осы орайда, өзіңіздің еңбек жолыңыз туралы айтып кетсеңіз.**

-2025 жыл – халқымыздың тарихында айрықша орын алатын кезең! Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл бастама кәсіби иелерінің қоғамдағы мәртебесін арттырып, ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегін жоғары бағалауды мақсат етеді. Президентіміздің «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады» деген сөзі мен үшін ерекше маңызға ие.

Мен де мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы еңбек жолымды 2009 жылы Алматы облысы Көксу аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында



құжаттарды қабылдау инспекторы ретінде бастадым. Сол кезден бастап, кеңесші, жинақтау секторының маманы, ментор, операциялық залдың басшысы, бөлім басшысының орынбасары, бөлім басшысы сияқты түрлі қызметтерде жұмыс істедім. 2022 жылдың ақпан айында «Бақылау және сапа басқармасының басшысы» лауазымына тағайындалып, бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласында өз үлесімді қосып келемін. Осы еңбегімнің нәтижесінде Мемлекеттік корпорация тарапынан 20 жылдық арнайы медалімен марапатталдым. Алдағы уақытта да Жаңа Өділетті Қазақстан құру жолында, ел игілігі үшін қызмет етуге дайынмын.

Барша филиал ұжымын, қызметкерлерді осындай үлкен мереке-сімен шын жүректен құттықтаймыз! Жемісті күндер көп болсын!

**-Сұхбатыңызға рахмет!**

## ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА ОРМАН СӘНІ – ШЫРШАНЫ ҚОРҒАУ

Жаңа жыл мерекесі жақындағанда ең көп талқыланатын мәселенің бірі — шырша ағашын кесу мен оны қорғау. Әсіресе Жоңғар Алатауы сияқты табиғаты бай, бірақ экологиялық тепе-теңдігі нәзік аймақтарда шыршаны қорғау аса маңызды. Шырша — тек мерекелік символ ғана емес, тау экосистемінің тірегі, орман сәнін келтіретін киелі жасыл мұра. Жаңа жылдық сұраныс және шыршаға түсетін қысымға келсек жаңа жыл қарсаңында табиғи шыршаға деген қызығушылық артады. Көп отбасы мерекелік көңіл-күй үшін өз үйіне жасыл шырша қойғысы келеді. Бірақ бұл әдет көптеген орманға, әсіресе Жоңғар Алатауындағы қылқанды белдеулерге үлкен зиян келтіретіні жиі ескерілмейді. Табиғи түрде өсуі баяу шыршалар жылына небәрі 8–12 см-ге өседі. Бір қарағанда кішкентай, бес-алты жасар шырша көрінгенімен, ол орман үшін 20–30 жылдық қызмет атқаруы мүмкін. Ал мерекеден кейін сол ағаштың бір-ақ рет пайдаланылып, қоқысқа тасталуы — орны толмас ысырап. Жоңғар Алатауындағы шыршаның экологиялық рөлі өте зор. Жоңғар Алатауы — қылқанды ормандардың отаны. Бұл өңірдегі Тянь-Шань шыршасы табиғаттың ең төзімді, ұзақ өмір сүретін ағаштарының бірі. Оның экологиялық маңызы орасан зор: 1. Тау бедерін ұстайтын табиғи қалқан. Шырша тамыры топырақ үйінділерін бекітіп, көшкін, опырылу, сел қаупін азайтады. Жаңажылдық кесудің қатып қалған қалыбы осы табиғи тепе-теңдікке тікелей соққы береді. 2. Таза ауаның көзі. Жоңғар Алатауындағы бір гектар шырша орманы жылына 1,5 тоннадан астам оттегі бөледі. Бұл — жүздеген адамның өмірін қамтамасыз ететін мөлшер. 3. Жануарларға қауіпсіз мекен. Шыршалы ормандар — сілеусін, елік, тиін, құстар үшін жылы баспана. Ағаштардың сиреуі жануарлар қонысын тарылтады. 4. Климатты тұрақтандырушы жүйе. Қылқан жапырақтар қар жамылғысын ұстап, еріген судың біркелкі таралуына мүмкіндік береді. Бұл өңірдегі өзен-көлдер суын тұрақты ұстайды. Жаңа жылда шыршаны қорғаудың мәдени маңызын әрқайсымыз білуіміз қажет. Қазақ халқы ежелден табиғатты ерекше құрметтеген. «Бір тал кессең, он тал ек» деген сөздің мәні қазіргі заманда одан да терең. Жаңа жылда жасыл шыршаны қорғау — табиғатты аялау ғана емес, ұлттың экологиялық мәдениетін көтеру. Соңғы жылдары қалыптасқан жақсы үрдістерде бар. Олар жасанды (пластик емес, қайта өңделетін материалдардан жасалған) шыршаларды пайдалану; қайта отырғызуға немесе кейін бақшаға отырғызуға болатын түбірлі тірі шыршаларды сатып алу; Эко-акциялар ұйымдастыру: «Шыршаны қима — орманды сақта», «Жасыл Жаңа жыл» т.б.; Мектептер мен балабақшаларда табиғатты қорғау тақырыбындағы тәрбие жұмыстары.



Жоңғар Алатауын қорғау — ортақ жауапкершілік. Жаңа жыл мерекесі бір-ақ күнге созылады, ал табиғаттағы шырша өсіп, толыққанды ағашқа айналуы ондаған жылдарға созылады. Сондықтан мерекелік көңіл-күйдің кесірі аймақтың экосистемін бұзбауы керек. Қорыта келгенде Жаңа жыл — қуаныш пен жаңару мерекесі. Ал табиғат — сол жаңарудың негізі. Орман сәні — шырша ағашын қорғау, әсіресе Жоңғар Алатауы сияқты нәзік табиғаты бар өңірде, барлығымызға ортақ міндет. Табиғатты қорғау — тек бір күндік қам-қарекет емес, ұзақ жылдық жауапкершілік. Егер біз бүгін шыршаға жанашырлық танытсақ, ертең тауларымызды, өзендерімізді, жасыл ормандарымызды сақтаған боламыз.

**М. БЕКБОЛАТОВ,**  
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы  
Аманбектер орманшылығы мемлекеттік инспекторы.

•101 ескертеді

## Сауда орындарында отқа абай болайық

Экономиканың өркендеуі үшін жетекші тетіктердің бірі сауданың дамуы екендігі сөзсіз. Бірақ, заң талабына сай қоғам игілігіне пайда келтіретін әрекет, зиянсыз, ең бастысы адам өмірі, дүние-мүлкі үшін қауіпсіз болуға шарт.

Ел бойынша базар, яки сауда үйлерінің, не болмаса дүкендердің отқа оранатындығы жиі кездеседі. Барлық гәп оны пайдалану барысында өрт қауіпсіздік талаптарына қалыпты деңгейде мән бермеген сауда орны иесінің кемшілігінен болып отырғаны рас. Айтып айтпай не керек, сауда нысандарында өрт қауіпсіздік ережесі сақталынбаса, онда өрттен адамға да, ең аяғы мүлктік құндылықтарға төнетін қатер де орасан. Атап айтсақ, бір жағы дүкен, бір жағы қойма ретінде пайдаланылатын нысанның қойма тұсында қоқысқа арналған жәшіктерге сауда нысанының қызметкерлері от қойып жүрсе керек. Өрт болған күні, желдің қатты тұрғандығына орай қоқыс жәшігіне қойылған от жанындағы қоймаға түседі. Нысанда өртті сөндіруге арналған өрт сөндіру гидрантының жоқтығы және қоймада тез жанғыш синтетикалық, пласмасалық заттар толтырылғандықтан ол сарбаздардың өртті жедел сөндіруге мүмкіншілік бермей, бірқатар кедергілерге әкелді. Осы абайсыздықтың кесірі үлкен өртке айналады.

Құрметті Сарқан ауданының сауда саласында еңбек етіп, ел экономикасының өркендеуіне септігін тигізіп жатқан, меншігінде сауда нысандары бар азаматтарға, өзіңізге тиесілі орында өртке аса сақтықпен қарап, өрттің алдын алудың барлық шараларын қарастыруларыңыздың аса қажеттігін атап өткіміз келеді.

**Т. ТӨЛЕГЕН,**  
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

## Дети и огонь

Пожары наносят большой ущерб людям и всему государству в целом. Тот, кто хотя бы раз видел пожар, знает, какое это страшное бедствие. Он не только губит материальные ценности, но порой уносит самое дорогое - человеческие жизни. Пожар может возникнуть всюду, где огонь найдет хотя бы малейшую лазейку. Огонь жестоко расправляется с теми, кто к нему относится небрежно.

Пожары, происшедшие по детской шалости случаются потому, что многие родители, заботясь о жизни и здоровье своих чад, бывают в то же время невнимательны к вопросам пожарной безопасности и не осуществляют должного контроля за играми детей.

Мы привыкли к примелькавшимся лозунгам: «Спички – детям не игрушка», «Шалость с огнем опасна» и т.п. Но порой забываем, что запретное вызывает интерес у ребят, тем более коробки спичек, пачки сигарет.

Не разрешайте детям разводить костры и бросать в них огнеопасные предметы, играть со спичками, самостоятельно включать электронагревательные приборы и телевизоры.

Во избежание пожаров не разрешайте школьникам чинить электроприборы и выполнять другие электромонтажные работы дома без участия взрослых.

**Е. ЖАПАРГАЛИ,**  
Ст. дознаватель ОЧС Сарканского района, ст. лейтенант г/з.

# Даланың асқақ тұлғасы

Қазақтың кең сахарасында адаммен бірге туып, бірге жасасқан өнер бар. Сол өнердің бір шыңына айналған, ел жадында өшпес мұра қалдырған дара тұлғалардың бірі — Құл ақын. Ол өткен ғасырдың орта шенінде, 1844 жылы, қазіргі Талдықорған облысы Бөрлітөбе ауданына қарасты Шұбартүбек ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ақынның әкесі Назар Мамырханұлы — өнерлі адам, ағаш шебері болған. Ол ертоқым, келі-келсап, тұрмыстық бұйымдармен қатар, домбыра сияқты халық аспаптарын шебер жасаған. Осындай өнер мен еңбекке толы шаңырақта өскен Құл ақын бес жасынан домбыра тартып, өлең шығарып, ерте жастан-ақ табиғи дарынымен көзге түскен.

Құл ақынның кіндік қаны тамған Шұбартүбек ауылын өнердің ордасы деуге толық негіз бар. Бұл өңірден ұлы композитор М.Төлебаев, академик-композитор Е.Рахмадиев, әнші Бақытжан Құрманғалиев, Бекен Жылысбаев, Сара Тыныштығұлова сынды талай алыптар шыққан. Олардың тамыры тереңде — Құл мен Апырбайдың дәстүрінде жатыр.

Он бес жасар Құл: Туып-өскен өлкеміз Шұбартүбек, Бозбала болайықшы қоян-жүрек. Бай мен болыс күні өтсе кетер қаңғып...—деп, жасынан-ақ әділетсіздікке қарсы үн қатқан, батыл ойлы ақын болғанын байқатады.

Ел аралап жүріп, Құл ақын бір сапарында Омбы шаһарына барып, орыс халқының оркестрін көреді. Бұл әсер оның шығармашылық өмірінде ерекше із қалдырғаны сөзсіз. Атамекеніне оралған соң, Қызылқайың ауылында қазақ даласындағы алғашқы ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырады. Оркестр құрамында домбыра, асатаяқ, дауылпаз, шіңкілдек секілді аспаптар болған. Бұл — тек өнер адамы ғана емес, алғашқы ұйымдастырушы, жаңашыл тұлға



болғанының айғағы.

Құл ақынның бойында өнердің бірнеше қыры қатар тоғысқан: ол — сазгер, әнші, домбырашы, сері. Оның он шақты ән-өлеңі халық арасында осы күнге дейін сақталып, ел жадынан өшпей келеді.

Құл ақын мұрасын жинау жолында ұлы композитор Мұқан Төлебаев ерекше еңбек еткен. Төлебаев Құл мен Апырбай ақындардың өмірінен үлкен музыкалық шығарма жазу-

ды мақсат тұтып, ел аузынан ақынның көптеген әндерін жинастырып, нотаға түсірген. Соның нәтижесінде «100 ән» қолжазбасының ішінде Құлдың да бірнеше мұрасы орын алған. Ал 1979 жылы шыққан «Мақпал» жинағында ақынның туындылары толық жарияланған.

Жуырда Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде Құл ақынның өмірі мен өнеріне арналған тақырыптық экскурсия өтіп, оған №54 орта мектептің оқушылары қатысты. Балалар ақынның шығармашылық мұрасымен, қазақ даласында тұңғыш оркестр ұйымдастырған сері тұлғаның жаңашылдығымен танысып, ұлттық өнердің терең қайнарына бойлады. Бұл шара жас ұрпаққа Құл ақынның рухани болмысын жеткізудің, оның өнегелі жолын насихаттаудың нақты бір көрінісі болды.

1914 жылы туған ауылында дүниеден өткен ақын артына мол рухани мұра қалдырды. Құл ақын — қазақ руханиятының алтын арқауына айналған, көпқырлы өнер иесі. Толғауларымен ел мұңын жырлаған, әділетсіздікпен күрескен, қазақ өнерінің үлкен арнасына айналған даланың асқақ тұлғасы. Бүгінгі ұрпақ Құл ақынның есімін құрметпен еске алып, оның сырлы мұрасын келешекке жеткізу — рухани борышы.

Д.ТУНГАТОВА,

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильдік топ 2024 жылдың 13 тамызында аудан әкімінің №46 әкімімен құрылды. Топ құрамында 151 адам бар, оның ішінде аудандық аурухана, білімі бөлімі, жергілікті әкімдік мамандары, полиция өкілдері және мектеп директоры мен тәрбие жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагогтары бар.

## Қиын жағдайда қолдау көрсету

### Мобильді топтың қызметі

Мобильді топтың басты мақсаты халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның үйлестіруімен, өз құзыреті шегінде білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары қатысқан кезде өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Осы уақытқа дейін топтың жұмысы аясында түрлі мәселелер шешілді, оның ішінде төлқұжатсыз азаматтарға жеке куәлік рәсімдеу, медицина қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету және азық-түлік көмек көрсету сияқты маңызды шаралар ұйымдастырылды. Адамның (отбасының) өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төнгені туралы ақпарат түскен кезде Орталықтар өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) жедел ден қою шараларын әзірлеу үшін ерте анықтау және қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильді топтарды тартады. Ден қою шаралары жоспарында жан-жақты қолдау шаралары, оларды іске асыруға жауапты жергілікті атқарушы және аумақтық органдар, ұйымдар айқындалады.

Ауданымызда көптеген азаматтар өздерінің жеке куәліктерін рәсімдей алмай жүрген еді. Мобильді топ осы мәселені шешу үшін арнайы шаралар ұйымдастырып, бірнеше азаматшаға жеке куәліктерін алып беру процесін жеңілдетті. Топтың ұйымдастырған шаралары арқасында көптеген тұрғындар құжаттарын жаңартып, мемлекет тарапынан берілетін қызметтерді алу мүмкіндігіне ие болды.

Мобильді топтың тағы бір маңызды жетістігі — денсаулық сақтау саласында көрсетілген көмек. Топ аудан тұрғындарының медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттырып, оларды ауруханалар мен емханаларға жеткізіп, түрлі ауруларға диагностика жасап, емдеу шараларын ұйымдастырды. Бұл шаралар әсіресе қиын жағдайға тап болған тұрғындар үшін аса маңызды болды.

Топ сонымен қатар тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік және басқа да қажетті заттармен көмек көрсетті. Қиын жағдайда қалған азаматтарға жедел түрде көмек қолын созып, оларды қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етті. Бұл әрекет, әсіресе қыс мезгілінде маңызды болып табылады, себебі кейбір ауылдық елді мекендерде азық-түлік тапшылығы жиі кездеседі.

### Қолдаудың маңызы мен болашағы

Аудандық мобильді топтың жұмысы — бұл бірлесіп атқарылатын қиын да жауапты міндет. Топтың қызметі тұрғындардың өмірін жеңілдетіп қана қоймай, ауданның жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайына да оң әсерін тигізуде. Мобильді топтың жұмысын одан әрі дамыту, жаңа қызмет түрлерін қосу және барлық тұрғындарға тең мүмкіндік беру үшін аудан әкімдігі әрдайым қолдау көрсетуге дайын.

Мобильді топтың қызметі көптеген отбасы мен жеке тұлғалардың өмірін жақсартуға бағытталған, сондықтан да оның жұмысы ауданның әрбір тұрғыны үшін маңызды. Топтың көрсеткен көмегі мен атқарған жұмыстары аудандағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға, халықтың сенімін арттыруға үлкен ықпал етуде.

Қазіргі таңда ауданымызда мобильді топтың қызметі арқасында көптеген тұрғындар қажетті көмек алып, өздерінің әлеуметтік құқықтарын пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Аудан әкімдігі мен осы топтың жұмысы болашақта да жалғасын тауып, жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуға зор үлес қосады деп сенеміз.

Е.БИЛЕШБАЙ,

«Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының әлеуметтік қызметкері.

## Творческое поколение - это будущее страны!

Каждое новое поколение приносит в мир свои мечты, стремление и способности видеть реальность. Но среди них особое место занимает поколение творческое, те юные умы, которые способны не только следовать заведенным правилам, но и смело выходить за их пределы. Именно они формируют культуру, создают будущее, в котором хочется жить. Творчество-это не только музыка, живопись и танец. Это умение мыслить, искать новые пути, Страны, которые поддерживают молодых талантов, развивают культуру, уверенно движутся вперед! Сегодня мы видим как наши дети умеют проявлять свою способность к исследованию мира, побеждают на конкурсах, участвуют в театральных постановках, пробуют себя в вокале. На днях в Доме Детского творчества прошел концерт на тему «Творческое поколение-это будущее страны!». Силами эстрадного, хореографического, домбрового и фортепианного кружков был дан полугодовой отчетный концерт. Вниманию зрителей были представлены песни отечественных и зарубежных композиторов. Концерт был открыт, красочным казахским танцем мл. группы «Гүлдер». (Руководитель: Рыспекова.Г.М.). В исполнении, Амангелді Айгерім прозвучала песня «Татулықта күшіміз». Прозвучали күй «Адай», «Нәр ағашы», «Көш керуен»



в исполнении ансамбля домбристов (Руководитель: Касымбекова К.А.). Восторженными аплодисментами была встречена вокальная группа «Балауса», в их исполнении прозвучали песни «Беу, құрбым» и «Диско». Проникновенно про-

звучала песня «Жаңа жыл» в исполнении Берікқызы Айым, «Аяулы анашым» в исполнении вокальной группы «Сезим», хочется отметить Мадиярқызы Фатиму, Жасузақ Аяулым, Аширбек Ару, Тұнғат Назерке, Жұмағали Жанайым, Камбарбек Саю, Сайлауғали Раяну, Тлеукабыл Сезім. Свое мастерство игры на фортепиано показали такие учащиеся, как Мерекенова Диана, Кусайн Айым, Галытина Маргарита, Нурлан Айару, Атанова Айсұлу (Руководитель: Ерболганова Толкынай Ерсаметовна). В их исполнении прозвучали произведения такие как Абай «Желсіз түнде жарық-ай». Музыка из кинофильма «Сумерки», «Маленькая поляна», «Мемори» и «Вальс Музет». Восторженными аплодисментами была встречена песня «Мен қазақпын» в исполнении трио: Тұрсынжан Бағлана, Жекен Ахмета и Асқарұлы Ербатыра.

Ведущими концерта были Мадиярқызы Диара, Камбарбек Аяулым, которые очень хорошо провели этот концерт.

Будущее принадлежит тем, кто умеет мечтать и воплощать мечты в реальность. И сегодня наша задача-помочь молодым талантам раскрыться, дать возможность учиться, пробовать, творить! Ведь творческое поколение-это не просто надежда. Это реальная сила, которая способна привести к процветанию!

Р.АТАБАЕВ,  
преподаватель Сарканского  
Дома детского творчества.

«Жер бетіндегі бар асыл қасиет күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған», -деп дана халқымыз тегін айтпаған. Өйткені әйелдің қолында тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы бар. Ұлттың асыл қасиеті уызында жарыған ұрпақтың бойына ананың ақ сүтімен бірге дариды. Сөйтіп болашаққа жалғасады. Ерді үйдің иесі санаған дана халқымыз әйелді шаңырақтың киесі деуі де сондықтан. Ұлан-ғайыр далада ұрпақмақтанышына айналған талай ұлағатты аналар өткені белгілі. Олардың өшпес өнегесі мен өлмес дәстүрі бүгінгі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанда да жалғасын тауып келеді. Сондықтан еліміздің экономикасын өркендету бағытында еңбектеніп жүрген нәзік жандардың қосар үлесі салмақты екеніне күмән келтіруге болмайды. Олар отбасының қам-қарекеті, балалар тәрбиесіне қоса ел игілігін арттыруда қоғам алдындағы міндетін адал атқарып келеді.



# Ұлағатты жан

Мемлекеттік қызметшілердің атаулы күнінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев ұзақ жыл аудандық қазынашылық басқармасын басқарып келе жатқан Ғалия Орынованың еңбегін ерекшелік атап өтті. Қызметін мінсіз атқарумен қатар Ғалия Төлеуғалиқызы шаңырақ шаттығына бөленген бақытты аналардың бірі. Жолдасы Серік Мұхамедиев екеуі 40 жыл бұрын шаңырақ көтеріпті. Ұлы Қанат пен қызы Қарлығаш ата-ана үмітін ақтап, өмірден өз жолдарын тапты. Ата-анасын қуанышқа бөлеп, Қанат шаңырақ көтеріп, келіні Арай ата-ене көңілінен шығуда.

1986 жылы Алматы халық шаруашылық институтын «экономист» біліктілігі бойынша бітірген Ғалия сол жылы еңбек жолын Мемлекеттік банкінің Сарқан бөлімшесінде экономист-есепші болып бастады. 1987-1988 жылдары Мемлекеттік банкінің аудандық бөлімшесінде бас есепші, 1988-1990 жылдары Аграрлық өнеркәсіп банктің аудандық бөлімшесінің бас есепшісі, 1990-1991 жылдары Аграрлық өнеркәсіп банктің Сарқан бөлімшесінің несиелік бөлімшесінде-экономист, 1991-1993 жылдары Акционерлік-коммерциялық аграрлық өнеркәсіп банкінің Сарқан бөлімшесінде экономист, 1993 жылдың шілде-тамыз айлары аралығында ҚР Ұлттық банкінің Сарқан есеп айырысу кассалық орталығында экономист, 1993-1995 жылдары ҚР Ұлттық банкінің Сарқан есеп айырысу кассалық орталық бастығының орынбасары болып қызмет баспалдақтарынан өтті. 1995-1996 жылдары ҚР Ұлттық банкінің Сарқан есеп айырысу кассалық орталығының есеп жүргізу операциялық бөлімінің жетекші экономисі, 1996-1998 жылдары Бюджеттік банктің Сарқан аудандық бөлімшесінің жетекші экономисі, 1998-2005 жылдары Сарқан қазынашылық бөлімінің бас маманы, 2005-2006 жылдары Сарқан аудандық қазынашылық бөлімі, төлем құжаттарын енгізу бөлімшесінің бас маман-бас қазынашы, 2006-2007 жыл-



дары Сарқан аудандық қазынашылық бөлімінің төлеуге арналған шоттарды енгізу секторының меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Сарқан аудандық қазынашылық бөлімінің құжаттарды қабылдау тобының бас маман-бас қазынашысы, 2008-2013 жылдары Алматы облысы бойынша

қазынашылық департаменті Сарқан аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары болған ол 2013 жылдың мамыр айынан бастап қазіргі уақытқа дейін басқарма басшысы лауазымын атқаруда.

Ғалия Төлеуғалиқызы лауазымдық

міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, нормативтік-құқықтық актілерді және жоғары тұрған ұйымдардың бұйрықтары мен тапсырмаларын үнемі басшылыққа алады. Міндеттерін адал, уақытымен, үлкен жауапкершілікпен және тиянақты орындайды. Басшы ретінде өзіне және қызметкерлерге талап қойып, үлкен жауапкершілікпен қарайды. Басқарма қызметкерлерімен қарым-қатынасы және ұйымдастыру қабілеті жоғары деңгейде. Мәселелі сұрақтар туындаған жағдайда тез және дұрыс шешім қабылдай алады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі нормаларын, ішкі еңбек тәртібін қатаң сақтауда Ғалия Төлеуғалиқызының әріптестеріне көрсеткен өнегесі айтуға тұрарлық.

Еңбектің еленгені адамға қуаныш сыйлайды ғой. Ғалия Төлеуғалиқызы 2016 жылдың желтоқсан айында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекелік медалімен», 2024 жылдың қаңтар айында «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетіне 30 жыл» төс белгісімен марапатталған.

Кезінде мектепті, жоғарғы оқу орнын үздік бітірген біздің кейіпкеріміз бір орында ұзақ жыл қызмет атқарып, өз мамандығының үздігі атанды. Бір мекемеде мамандығына сай мызғымай қызмет атқарған басшыларының іскерлігіне ұжым мүшелері дән риза. Өмірде кең пейіл, қызметте шаруасына мығым, міндетіне адал, қай істің де көзін таба білетін Ғалия Төлеуғалиқызын табандылығы үшін ұжымы қадір тұтады. Міне, ұзақ жылдардың өтеуі ретінде зейнет демалысына да абыройлы жетті. Енді шаңырағына шуағын шашып, ағайын-туыспен, жолдас-жоралармен араласатын кезеңнің қызық-қуанышын көруге мәртебелі уақыт молынан мұрсат берсе дейміз.

Жомарт ИГІМАН.

XX ғасыр – табиғат ресурстарын тұтыну ғасыры болса, ХХІ ғасыр – оларды сақтау және қалпына келтіру ғасыры болуы керек. Бұл жауапкершілікті сезіну – мектеп қабырғасынан басталатын экологиялық мәдениеттің негізі. Экологиялық мәселелер туралы хабардарлықты арттыру көптеген пәндердің міндеті болғанымен, география пәнінің орны ерекше. География – табиғи жүйелердің (климат, су, жер бедері) бір-бірімен және адам әрекетімен қалай өзара байланыста болатынын, олардың арасындағы нәзік тепе-теңдікті көрсететін бірегей ғылым. Біз оқушыларға картадан тек таулар мен өзендердің атауын ғана емес, адамның бір әрекетінің мыңдаған шақырым жерде қандай салдарға алып келетінін түсінуге көмектесеміз. Мысалы, Арал теңізінің трагедиясын оқығанда, бұл тек бір аймақтың мәселесі емес, сонымен бірге табиғатты басқарудағы қателіктердің жаһандық сабағы екенін ұғындырамыз.

## ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫ ОЯТУ

Қазіргі заманғы педагогиканың талабы – оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді ізденушіге айналдыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін біз келесідей практикалық әдістерді қолданамыз.

Жобалық зерттеулер: біздің оқушыларға берілетін ең маңызды жобалардың бірі – «Біздің ауламыздың экологиялық паспорты» немесе «Мектептің энергия тұтынуын талдау». Оқушылар өз мектебінің маңындағы қоқыс мәселесін зерттейді, су және электр энергиясының шығынын есептейді және осы мәселелерді шешу үшін нақты, қолжетімді ұсыныстар әзірлейді. Бұл жұмыстар оларға экология – алыстағы мәселе емес, күнделікті өмірдің бір бөлігі екенін көрсетеді.

Кейс-стади: сабақта әлемдік тәжірибедегі нақты экологиялық кейстерді талқылаймыз. Мысалы, «Қазіргі Данияның «Жасыл» экономикаға қалай көшкені» немесе «Үндістандағы су ресурстарының тапшылығы» сияқты тақырыптарды талдаймыз. Оқушылар бұл жағдайларды әртүрлі рөлдерде (фермер, эколог, үкімет министрі) талқылап, этикалық және экономикалық тұрғыдан ең дұрыс шешімді табуға тырысады.

Далалық сабақтар: табиғатпен тікелей байланыс. Теориялық білімді нығайту үшін оқушылармен бірге жергілікті саябақтарға, өзендерге экскурсиялар ұйымдастырамыз. Онда олар қоршаған ортаны бақылау, топырақ құрамын қарапайым талдау сияқты дағдыларды

меңгереді. Бұл тікелей байланыс олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін және қорғауға деген жауапкершілігін арттырады.

География сабақтарындағы осындай кешенді жұмыс арқылы біздің түлектер тек Жер туралы білім алып қана қоймайды. Олар: экологиялық сауатты тұтынушыларға айналады; күнделікті өмірдегі шешімдерінің ғаламдық салдары бар екенін түсінеді; табиғатты сақтауға белсенді қатысатын жауапты азаматтар болып қалыптасады.

Қорытындылай келе, география – бұл болашақтың пәні. Біздің міндетіміз – Жерді картадан танып қана қоймай, оны келер ұрпақ үшін таза күйінде сақтап қалуға ұмтылатын, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

А.МАТАЕВА,  
«Бірлік орта мектебі мектепке  
дейінгі шағын орталығымен» КММ-  
нің география пәні мұғалімі.

Спорт



## ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ЖАРЫСЫ



Жуырда ұлттық ойынымыз — тоғызқұмалақты дәріптеу, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту және интеллектуалдық спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында №1 мектеп-гимназиясы оқушылары арасында жарыс ұйымдастырылды.

Жарыс барысында қатысушылар тактикалық шеберлігін, жылдам шешім қабылдау қабілетін және ойынға деген

жоғары дайындықтарын көрсетті. Үздік нәтиже көрсеткен оқушылар марапатталып, арнайы дипломдар мен сыйлықтарға ие болды.

Ұлттық мұраны ұлықтап, жас буынға жеткізу жолындағы мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба береді!

Өз тілшіміз.

## БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар! Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сан-саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз! Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

**Зейнеткерлер үшін**  
индексі 35202,  
жылдық бағасы - 5172 теңге.

**Жеке жазылушылар үшін**  
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.

**Мекеме-ұйымдар үшін индексі**  
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.

## ХАБАРЛАНДЫРУУ/ ОБЪЯВЛЕНИЕ

•Открылось наследство после смерти гр. **Сарбасова Ержана Мусимовича**, умершего 20 октября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

•Жекеше нотариус **Турусбекова Абзалхан Имангельдиновна** тарапынан 04.09.2025 жылы қайтыс болған азамат **Рахметов Едигенің** мүлкіне мұрагерлік іс ашылғанын хабарлаймыз.

•**Хусайнов Хасанали Нусиповичің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Бақалы ауылы, М.Кобдинов көшесі №54 үйдің 1500 ш.м көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-004-773) жеке меншікке құқық беретін мемлекеттік тіркеу актісі және де өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•**Еркинбекова Жапархан Турсынбаевнаның** атына Сарқан политехникалық колледжінен «Асханашы» біліктілігі бойынша берілген сертификат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•Открылось наследство после смерти **Калиджанова Асхата Турсынбаевича**. Наследников просим обратиться к нотариусу Алиевой Асем Избасаровне по адресу: г. Саркан, ул. Чепрасова дом №56 возле Казпочты.


Открылось наследство после смерти гр. **Курамысовой Галины Садвакасовны**, умершей 22 ноября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

## Сен туған күн, мерекеніңен!

Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасында ұзақ жылдар табанды еңбек еткен, қазіргі күні зейнет жасына жеткен **Орынова Ғалия Төлеуғалиқызын** осынау қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз!

Зейнетке шыққаныңыз — тек демалыс емес, өмір жолының жаңа парақтары, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын кезең деп біліңіз. Өмір жолыңызда көптеген жетістіктерге жетіп, көп жылдар бойы адамдарға жақсы үлгі болып келе жатқан Сізге зор денсаулық, ұзақ та бақытты өмір тілейміз!

Құрметті Ғалия Төлеуғалиқызы, осынау зор қуанышыңызбен тағы да құттықтай отыра зейнет демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, ұл-қыздарыңыздың ортасында бақытқа толсын! Өмір жолыңыз ұзақ болып көрген бейнетіңіздің зейнетін көруіңізді шын жүректен тілейміз! Алдағы күндеріңіз бүгінгіден де жарқын, көңіліңіз шат, жүзіңіз жарқын болсын. Жасыңыз жүзге жетіп, балаларыңыздың қызығын көріп, немере-шөбере бағып, аман-есен жүре беріңіз. Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілеміз!



Ізгі тілекпен: Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының ұжымы.



## Жұмысшы мамандық - жарқын болашақ бастауы

Осындай атау аясында Сарқан политехникалық колледжінде жұмысшы мамандықтардың мәртебесін арттырып, мерейін тасытқан арнайы фестиваль өтті. Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі мен аталған колледж ұжымы бірлесе өткізген шара бастауында келушілер кәсіптік көрмені аралады. Колледж білімгерлерінің қолынан шыққан сан түрлі бұйымдар студенттердің шеберліктерін паш етіп, көрермендердің таңданысын тудырды.

Ұлттық киімдерді тамашалаған аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов неліктен колледж тігіншілері аудандық, ауылдық мәдениет үйлерімен байланыс орна-тып, өнерпаздардың мерекелік киімдерін тікпеске деген ұсынысын ортаға салды. Сонымен қатар Алмас Ажарханұлы білімгерлермен сұхбаттасып, шаштараз мамандығын бітірушілердің келешек жұмысқа орналасу жайына қанықты.

Сарқан Политехникалық колледж директорының оқу ісі жұмысы жөніндегі орынбасары Панар Иманғазиеваның айтуынша кәсіптік оқыту ордасында қазіргі таңда 8 мамандық бойынша 9 біліктілік оқытылады. Сондай-ақ колледжде 2026-27 оқу жылында «слесарь-сантехник» мамандығын ашу жоспарда бар. Жаңа мамандық - газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану мамандығы аясында газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі біліктілігі ашылып, биыл екінші түлектер еңбек нарығына жол тартқан. 2 өндірістік оқыту шебері Халықаралық тағылымдамадан өткен. «Мамандыққа бүйірден кіру» бағыты бойынша 2 маман өндірістен тартылған. Дуалды оқытуда 80,7% білімгерлер топтары қамтылған.

Мәжіліс залындағы жиында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов атаулы жылмен барша жиналғандарды құттықтай келе, - колледж болашаққа батыл қадам басып, ойдағыдай өсіп-өркендеп келеді. Біз бұған көрмені көріп, білімгерлермен сұхбаттасу барысында көз жеткіздік. Бұл оқу ордасы ұстаздарының білімі мен білігінің, студенттердің алғырлығының айқын дәлелі. Білімдеріңізге нұр жаусын!,- деді. Бұдан соң Алмас Ажарханұлы үздік өндірістік оқыту шеберлерін Алғыс хат, арнайы дипломдармен марапаттады. Келесі кезекте аудан прокурорының орынбасары Әділет Сабырбаев колледждің әлеуметтік серіктестері - бірқатар мекеме-ұжымдардың жұмысшы мамандарына қалтқысыз қызметтері үшін Алғыс хат пен сыйлықтар табыс етті.

Фестиваль Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйі қызметкерлерінің концерттік бағдарламасымен түйінделді.

Өз тілшіміз.



Құрылтайшысы: "Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор: ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117  
Телефон: 2-20-47, 2-23-53  
e-mail: lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017  
Осы шығарылымның таралымы: 3017  
Газет индексі: 35202, 15202  
Офсеттік басылым 1 баспа табақ  
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.